



Гүлстан АЗБАЕВА,  
Алматы қалалық сотының  
доғарыстағы судьясы:  
**«СУДЬЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ –  
ЗАҢГЕР МАНСАБЫНЫҢ  
ҰШАР ШЫҒЫ»**

2-бет



**БАНДЫНЫ  
ҚУҒАН  
ХАМИТ**

8-бет

# ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№66 (3597) 5 қыркүйек 2023

# газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



Абдурасул Құлдашов,  
«Азаматтарға арналған үкімет»  
мемлекеттік корпорациясы»  
коммерциялық емес акционерлік  
қоғамы Алматы қалалық  
филиалының директоры:

## «МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТІҢ ДРАЙВЕРІ»

– Абдурасул Мақсұдұлы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» тарапынан атқарылған жұмыстарға көпшіліктің риза екенін жиі байқаймыз. Мұндай жетістіктің кілті неде?

– «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «коммерциялық емес акционерлік қоғамы, заңнамаға сәйкес, мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтердің бірыңғай провайдерінің қызметін жүзеге асыру және электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №39 қаулысы негізінде құрылды. Корпорацияның жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.

Мемлекеттік корпорация – мемлекеттік қызмет саласындағы өзгерістің драйвері және «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудағы басты құрал. Қызметіміздің басты құндылықтары:

Біріншіден, қатардағы азаматтарды және қызметкерлерді, өзге команда өкілдерін де құрметтеп, мүддесін қолдау үшін заңнама шеңберінде әрекет ету.

Екіншіден, көрсетілетін қызметтің барлық бағытында азаматтармен ашық диалог жүргізу. Үшіншіден, азаматтарға және қызметкерлерімізге адалдық. Төртіншіден, меритократия – әр топ мүшесінің қосқан үлесі мен жеткен жетістіктерін әділ әрі жан-жақты бағалау. Бесіншіден, әр уақытта жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін бірлесе әрекет етіп, командалық рухты көтеру. Алтыншыдан, өзара көмек пен сенім мәдениетін ұстану.

– Соның ішінде Алматыдағы филиалға жүгінетіндер көп болар? Халыққа қалтқысыз, жедел қызмет ету үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр?

– «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Алматы қаласы бойынша филиалы құрамына әкімшілік персонал, өндірістік басқармалар, 13 Халыққа қызмет көрсету бөлімі (8 аудандық бөлім, 4 мамандандырылған бөлім және 1 көші-қон қызметтері орталығы), 8 тіркеу және жер кадастры бөлімі және 8 әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі кіреді.

Осы бөлімдерден бөлек ХҚО-лар мен МХҚО-лардың ғимараттарынан тыс жерлерде мемлекеттік қызмет көрсететін секторлар ұйымдастырылған. Мәселен «Smart-Point Almaty» Жібек жолы көшесіндегі 135 үйде орналасқан.

(Соңы 5-бетте)

### БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

## «ӘРКІМ ОТАНШЫЛ, АДАЛ БОЛСА АЛЫНБАЙТЫН АСУ ЖОҚ»



Дәстүр бойынша Парламент сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталатын Қазақстан халқына жолдауын жасап, ел дамуының негізгі бағыт-бағдарын айқындап берді. Үкіметке, Парламентке, басқа да құзырлы орындарға, тұтас халыққа жүктелген міндет, берілген тапсырма, айтылған тілек әдеттегідей ауқымды болды. Оның бірқатары бұрыннан көтеріліп жүрген мәселелер болса, енді біразы көптің көкейінде жүрсе де, айтылмай келген шаруалар. Тың бағыттар да белгіленді. Бұл жолдауда біраз кемшіліктің де беті ашылды, оның салдарымен қатар, себебі де ортаға салынды. Астарлы түрде де, тура мағынасында да үкіметке сын айтылды.

(Соңы 3-бетте)

### КӨКЖИЕК

## БІЛІМДІГЕ ӨРІС КЕҢ

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Оқу-ағарту министрлігі білім жүйесінің сапасын арттыру бойынша бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Осы айдан бастап 97 мың тәрбиешінің жалақысы 30 пайызға, колледж студенттерінің стипендиясы 50 пайызға өседі. Сондай-ақ, 1,4 миллионнан астам 1-4 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылады. 55 мың қазақстандық бала оқу жылын жаңа мектептерде бастайды. Жалпы, 2023–2024 оқу жылында 132 мың оқушыға арналған 154 жаңа мектепті пайдалануға беру жоспарлануда. Еліміздің мектептерінде ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары ашылады. Бұл шаралар отандық білім сапасын арттыруға, балаларымыз үшін жайлы және қауіпсіз жағдай жасауға бағытталған.

Елімізде жаңа оқу жылында 55 мың оқушыға арналған 39 жаңа мектеп ашылады. 2023 жылдың соңына дейін барлығы 132 мың

орындық білім беру ұйымдарын пайдалануға беру жоспарлануда. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, 194

**2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚЫРКҮЙЕГІНЕН**

- ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ **30%-ҒА** АРТАДЫ
- КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ СТИПЕНДИЯСЫ **50%-ҒА** КӨТЕРІЛЕДІ
- 1,4 МЛН** БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ТЕГІН ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛАДЫ
- 55 МЫҢ** ОРЫНДЫҚ **39** МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ
- АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛАДЫ

білім беру ұйымында күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады. Мемлекет басшысының тапсырмасы

бойынша жыл соңына дейін шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда орналасқан

1000 мектеп алты бағыт бойынша жаңғыртудан өтеді: күрделі және ағымдағы жөндеу, пән кабинеттерін жабдықтау, мектеп жиһаздарын, кітапханаларды, асханаларды жаңарту, сондай-ақ балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қолға алынады. 1000 пәндік кабинет ашу жоспарлануда, сондай-ақ қосымша 749 пәндік кабинет сатып алынады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының арқасында 1 қыркүйекке дейін 25 мың орындық 13 мектеп, сондай-ақ жергілікті бюджет және жеке инвестиция есебінен 30 мың орындық 26 мектеп ашылады. Сонымен қатар, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда, оның шеңберінде 740 мың оқушыға арналған 369 мектеп салу жоспарлануда.

Айта кетерлігі, мемлекет жыл сайын мектептердің құрылысы мен жаңғырту жұмыстарына қаржы бөліп келеді. Соңғы үш жыл ішінде 340 мың орындық 626 мектеп пайдалануға берілді.

Өз тілшіміз

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА МИНИСТРЛЕРГЕ  
ЖҮКТЕЛЕР ЖАУАПТЫЛЫҚ  
ЖОҒАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жолдауында елдің экономикалық жағдайын жақсартып, әлеуметтік мәселелерін жолға қоюға, заңдылықтарды сақтауға бағытталған іргелі бастамалар көтерілді. Барлық саланың жандануына серпін беретін бұл стратегиялық құжаттың оң нәтиже көрсетуі, ең адымен, Үкіметтің пәрмені мен дәрменіне байланысты. Содан болар, жолдаудан кейін Президент жаңа құрылғалы отырған министрліктердің жетекшілерін тағайындап, бағыт-бағдар беріп қоймай, бірнеше министрліктің басшыларын ауыстырды. Жаңа тағайындаулар реті төмендегідей:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі – Аида Ғалымқызы Балаева;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі – Айдарбек Сейпілұлы Сапаров;

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі – Арман Абайұлы Шаққалиев;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі – Ержан Сапарбекұлы Сәденов;

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі – Ермек Боранбайұлы Маржықпаев;

Қазақстан Республикасының Көлік министрі – Мәрат Қәрімжанұлы Қарабаев;

Су ресурстары және ирригация министрі – Нұржан Молдиярұлы Нұржігітов;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі – Светлана Қабыкенқызы Жақыпова;

БАСТАМА

ЮВЕНАЛДЫҚ  
СОТТАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ  
КЕҢЕЙДІ



Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің басшысы Найль Ахметзақиров отбасылық соттарды дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Талқылауға Сот әкімшілігі басшының бірінші орынбасары Нұрсұлтан Байтілесов, Сот әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері мен департамент басшылары қатысты.

Міне, биылғы жылдың 1 қыркүйегінен бастап заңға кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың (ювеналды соттар) соттылығын едәуір кеңейтетін түзетулер енгізілді.

Кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты азаматтық істердің бірқатар санаттары олардың юрисдикциясына берілді. Оның қатарында – некені бұзу және ортақ кәмелетке толмаған балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы мүлікті бөлу, олардан бөлек тұратын баламен жақын туыстарының қарым-қатынас тәртібін анықтау, өзге адамдардан заңсыз жүрген баланы алып қою және т. б. істер бар.

Осыған байланысты Сот әкімшілігі барлық ювеналды соттардың материалдық базасын қамтамасыз етуді жақсарту шеңберінде сот төрелігін кедергісіз және сапалы іске асыру үшін шаралар кешенін іске асырды. Сот әкімшілігінің департаменттері 1 қыркүйектен бастап отбасылық соттардың жаңа жағдайда жұмыс істеуге дайын екендігі туралы баяндады. Олардың пошталық және электрондық мекенжайлары облыстық соттардың сайттарында тиісті сілтемелерде көрсетілген.

Департамент басшыларына соттарды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және сот процестерінің барлық қатысушылары үшін барынша қолайлы жағдай жасауға байланысты мәселелерді күн сайын бақылау тапсырылды.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢІМЕ

Гүлстан АЗБАЕВА, Алматы қалалық сотының доғарыстағы судьясы:

«СУДЬЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ - ЗАҢГЕР  
МАНСАБЫНЫҢ ҰШАР ШЫҢЫ»

– Гүлстан Шахметқызы, судьялық қызметке қалай келдіңіз?

– Заңгер болуды бала күннен армандағаныммен, Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне бірден оқуға түсе қойғам жоқ. Үшінші мәрте тапсырғанда ғана жолым болды. Сол аралықта партия қатарына кіріп, зауытта жұмыс істедім. 1975 жылғы қыркүйек айында Алматы қалалық сотына сот отырысының хатшысы болып жұмысқа орналастым. Ол кезде сотқа жұмысқа кіру ерекше болатын. Сот отырысы хаттамаларының мәтіні қолмен жазылатын болғандықтан, қолжазбаның анықтығы мен оқылымына айрықша мән берілетін. Сотта жұмыс істеп жүрген уақытта-ақ судья боламын деген шешімге келдім. Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін 1979–1982 жылдар аралығында Қазақ ССР Әділет министрлігінде кеңесші қызметін атқардым. 1982 жылғы шілде айында Алматы қалалық сотының судьясы болып сайланып, қылмыстық алқаға жіберілдім. 1993 жылғы наурызда Талдықорған қалалық сотының судьясы болып сайланып, сонда ауыстым. Одан кейін облыстарды оңтайландыруға байланысты жолдасым Алматы облыстық сотының судьялығына ауыстырылды, ал мен 1998 жылғы желтоқсанда Алматы қалалық сотының судьясы болып тағайындалып, доғарысқа шыққанға дейін, қылмыстық алқада төрелік еттім.

– Сот саласында еңбек ету үлкен жауаптылықты талап етеді. Таңдауыңызға өкінген кезіңіз болмады ма?

– Судьялық ету – менің бала кезден арманым. Мектепте жүргенде детективтерді қызыға оқып, адвокат болуды қалайтын едім. Ал судьялық қызмет – заңгер мансабының ұшар шыңы. Әрине, мақсатым өздігінен орындала қойған жоқ. Сот отырыстарының хатшысы кезінде хаттамаларды қолмен том-томдап жазатынбыз. Жылына жазатын хаттаманың мәтіні 60-70 томға жүк болатын. Бірақ бұл ауыртпалықтар біздің еңсемізді түсірген жоқ. Қайта қызығушылығымызды арттырды, шеберлігімізді шыңдады. Қазір жастарға әлдеқайда жеңіл, сот отырыстары дыбыс-бейне таспаға жазылатындықтан, хаттаманы қолмен жазып әуре болмайды. Сондықтан жастардың өз-өздерін дамытуына уақыттары жеткілікті. Тек осы мүмкіндіктің бәрін пайдалану керек.

– Судья лауазымын атқара жүріп, өз шаңырағыңыздың жылуын сақтадыңыз, жарыңызға сүйеу, балаларыңызға тіреу бола білдіңіз. Қызмет пен отбасын үйлестірудің құпиясы неде?

– «Әйел қырық шырақты» деп бабаларымыз бекер айтпаған ғой. Күрделі судьялық жұмыс пен әйелдің үй ішіндегі міндеттерін үйлестіріп, үлгеріп жүру үшін алдымен өз жұмысыңды сүюің қажет. Жұмысыңды қызмет деп емес, саған берілген қабілет, дарыныңды көрсетудің мүмкіндігі деп түсіну керек. Мен 28 жыл 4 ай судья болып жұмыс істедім, қаншалықты қиын болғанына қарамастан, ешқашан жұмыстан кету немесе оны ауыстыру туралы ойлаған емеспін. Әйелдің үй ішіндегі тірліктері кеше де жеткілікті болған, ертең де таусыла қоймайды. Оларды да бар ынта-ықыласыңмен істесең, шаршап-шалдықпайсың. Осы тұрғыдан алғанда, қызметті де ақсатпай, әйелдік міндетімді де мінсіз атқаруыма отбасымың,

туыстарымның көмегі, қолдауы аз болған жоқ. Әрине, мұндайда жұмысыңның күрделі екенін түсінетін және кез келген жағдайда қолдауға дайын жолдасың маңызды рөл ойнайды. Бұл ретте де айым оңынан туып, жолдасым да заңгер – судья болды. Осы түсінікті, сенімі үшін жолдасыма айрықша разымын.

Жұмыстан соң үйге келіп, үй тірліктеріне рахаттана кірісетінімін. Себебі, бұл – физикалық еңбек. Шығармашылық, ақыл-ой еңбегінен кейін үй шаруаларымен айналыссам, миым тынығып қалатын. Қызмет түрлерін осылай кезектестіріп отыру адамға көп көмектеседі әрі шаршауға мүмкіндік бермейді.

– Әйел-судьяларға қандай кеңес берер едіңіз?

– Сот саласындағы ізімнен ерген сіңілілеріме психозомоционалды жай-күйлерін бақылауда ұстауға кеңес берер едім. Өзіңізді шаршаңқы сезінсеңіз, жақсылап демалыңыз, ұйықтаңыз. Судьялардың негізгі жұмысы аса жауапты болғандықтан, мұнда жауапкершіліктің шегін төмендетпеу керек. Ал күнделікті тұрмыстық шаруаларға жеңіл қараған жөн. Осылайша баланс сақталады. Егер өміріміздің барлық саласына асқан жауапкершілікпен қарайтын болсақ, моральдық тұрғыдан шаршап, күйгелектік пайда болады. Бізге бұған жол беруге болмайды.

Еңбек демалысына шыққан уақытта үй тіршілігінен де қол үзіп, басқа аймаққа немесе қалаға барып, демалып, орын ауыстырған жөн. Сонда адамның ағзасы энергия жинап, өзінің тынығып қалғанын сезеді. Әйел табиғатынан Жер-Ана секілді өмір бойы өзіне үлкен жүк артады, дүниеге бала әкеледі, сонымен қатар, мемлекеттік қызмет немесе бизнес-леди секілді жауапты әрі күрделі жұмыспен айналысады. Сондықтан біз, әйелдер өзімізді сақтауымыз қажет. Осы ретте қызметтегі нәзік жандылардың барлығына зор денсаулық, сәттілік, жемісті еңбек пен жағымды көңіл-күй тілегім келеді!

– Сот саласының болашағы қандай болады деп ойлайсыз?

– Қазір ақпараттар заманы. Халықтың сауаттылығы да күн санап артып келе жатқаны қуантады. 2022 жылғы 5 қарашада «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бұл сот ел азаматтарының өтінімдерінің нормативтік-құқықтық актілерге, Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды. Мұның өзі болашақта жалпы соттардың жұмысына ауқымды практикалық көмек болады деп ойлаймын. Өйткені, күрделі мәселелердің барлығы шешіліп, заңнаманы дұрыс қолдану және дауларды шешу жөніндегі сот практикасы пысықталып жатыр. Азаматтардың Конституциялық сотқа жүгіну фактісінің өзі сот төрелігінің, жергілікті аймақтардағы құқық қорғау органдарының, барлық уәкілетті органдардың өз жұмысын орындау барысындағы жауапкершілігін арттыра түседі.

– Сот саласына бүкіл өмірін арнаған бірегей әріптесіміздің бірісіз. Сіздің ойыңызша төрелік алаңындағы жұмысты жандандыру үшін қандай шаралар атқарылуы керек?

– Осы ортада еңбек етіп, барлық ғұмырымызды, күш-жігерімізді арнағандықтан соттың



тыныс-тіршілігін үнемі бақылап, жақсылығына сүйініп, кемшілігіне күйініп отырамыз. Меніңше, сот саласын жақсарту үшін сот корпусына сауатты, білікті, іскер кадрларды топтастыру керек. Бүгінгі таңда соттардың басым бөлігі мамандандырылған. Соттарды мамандандыру кезінде іс бойынша жиналған дәлелдерге заңдылық тұрғысынан тиісті құқықтық баға берілсе, әділ шешім шығару жеңілірек. Мұндай шешімді қайта даулап, қарсы сын айту да қиын.

– Жас судьялар нені назарда ұстағаны жөн?

– Ең бастысы, судья өте сауатты болуы тиіс. Өмірдің ағымы мен заман талабына сай заңдарға түрлі өзгеріс енгізіліп жатады, сол өзгерістерді бақылап, дер кезінде оқып, танысып отырғаны жөн. Сондай-ақ, шешім қабылдағанда заңдарды дұрыс, орнымен қолдана білуі керек. Судья ешқашан эмоцияға берілмеуі тиіс, себебі қандай қылмыскер болса да, біріншіден, оның алдында адам отырғанын, екіншіден сол адамның алдағы өмірі мен тағдырына қатысты шешім шығарылып жатқанын есте ұстауы маңызды. Өйткені, судья шешімді мемлекеттің атынан шығарады – бұл үлкен жауапкершілік.

Судья қызметі – кез келген заңгердің қолы жете бермейтін биік шың. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыру барысында ешкімге тәуелді болмас үшін қызметке Жоғары Сот Кеңесінің ұсынысына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады. Сондықтан бұл қызмет асқан жауапкершілікті, ыждаһаттылық пен тыңғылықты еңбекті талап ететінін түсіну керек.

– Гүлстан Шахметқызы, осындай танымдық ақпаратқа толы қызықты сұхбатыңыз үшін алғыс білдіремін! Мерейлі жетпіс жасыңыз құтты болсын! Әріптестеріңізге жол көрсетіп, ақыл айтып, ұзақ жасаңыз!

Сұхбаттасқан  
Динара ҚҰЙҚАБАЕВА,  
Медеу аудандық сотының судьясы  
Алматы қаласы

ТУРНИР

«ӘДІЛЕТ» ФУТБОЛ  
КОМАНДАСЫНА - 25 ЖЫЛ



Петропавлда «Әділет» футбол командасының 25 жылдығына орай сот және құқық қорғау органдарының ардагерлері арасында мини-футболдан ашық турнир өтті.

Жарысқа Астана, Петропавл, Көкшетау қалаларынан және Ақмола облысының Бурабай кентінен алты команда қатысты.

Команда құрамына енген 50-ден жоғары жастағы спортсүйер қауым Қазақстанның түкпір-түкпірінен ғана емес, Ресей елінен де

келіп, спортпен шұғылданду қызықты әрі пайдалы іс екенін көрсетіп, жас ұрпаққа үлгі бола білді. Турнирдің ұйымдастырушысы Жоғарғы Сот судьясы Досжан Әмір 25 жыл бұрын «Әділет» командасының құрылуына бастама жасаған болатын.

Досжан Сарманқұлұлы іс-шараны аша отырып, «Әділет» командасы футболға қызығушылығы жоғары судьялар мен сот жүйесінің қызметкерлері, әділет, полиция өкілдерінен топтастырылғанын атап өтті. Бүгінгі таңда алғашқы құрам спортшыларының көбі түрлі қалада және түрлі салаларда қызмет атқарып жүр, алайда команда футболдың жарқын дәстүрін әлі де жалғастырып келеді.

– Біздің басты мақсатымыз – салауатты өмір салтын ұстанып, жастарды барынша спортқа баулу және оны дәріптеу, – деді Досжан Әмір.

Турнир тартысты өтті. Спортшылар соңына дейін күресіп, допты игерудегі ептілігін, шеберлігін және кәсіпқойлығын көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша «Әділет» командасының футболшылары лайықты бірінші орынды қанжығасына байласа, астаналық «Жақсы» командасы екінші орынды иеленді, жеңімпаздар үстігін Петропавлдың «Алға Авангард» командасы тұйықтады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктар мен және дипломдармен марапатталды.

Солтүстік Қазақстан облыстық сотының баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

«ӘРКІМ ОТАНШЫЛ, АДАЛ БОЛСА  
АЛЫНБАЙТЫН АСУ ЖОҚ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құру жолын ұсынды. Демократиялы елде қоғамдық тәртіптің маңыздылығы алдыңғы орында екені айтылды. «Қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет. Өкінішке қарай, құқық қорғау мекемелері және аймақ басшылары осы жұмысты дұрыс атқармай отыр. Басқа сөзбен айтқанда, заң үстемдігін қамтамасыз етпейді. Соның салдарынан қоғамымызда ұдайы келеңсіз оқиғалар болып жатады. Мысалы, даладағы, көшедегі вандализм, кейбір азаматтарымыздың тәртіпсіздігі, мәдениетсіздігі, неше түрлі тұрмыстық жанжалдар еліміздің халықаралық аренадағы абыройына нұқсан келтіретін болды.

Тағы да айтамын: біздің негізгі мақсатымыз – заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету» – деді Мемлекет басшысы.

Ел басшысы мәдениетті, білімді ұрпаққа арқа сүйейтінін де баса айтты. Сонымен қатар, әлемдегі ахуалға да алаңдаушылық білдірді. «Барша адамзат түрлі сын-қатермен бетпе-бет келуде. Көптеген ел табиғи апатты, электр қуаты мен азық-түлік тапшылығын бастан өткеруде. Мамандардың айтуынша, биылғы шілде әлем тарихындағы ең ыстық ай болды. Көптеген елде инфляция өршіп, қымбатшылық болып жатыр. Мемлекеттер арасында түрлі текетірес, қарулы қақтығыс белең алды. Босқындардың саны 110 миллионнан асты. Мұның бәрі Қазақстанға да салқынын тигізеді. Бірақ біз жаһандық дүрбелең дәуірінде өз бағдарымыздан адаспаймыз» – дей келе, елді жігерлендіріп, «Әрине, даму жолымыз әрдайым теп-тегіс, даңғыл болмайды. Ешкім де сырттан келіп, Қазақстанды көркейтп жібермейді. Ол үшін еліміздің әрбір азаматы заман талабына сай болуға тиіс. Жалпы, халқымыз осындай дағдарыс кезінде біртұтас болуы керек. Басқа жол жоқ» – деді.

**Адалдық жоқ жерде  
әділдік болмайды**

«Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы». Президент адал азамат пен әділетті елдің ұстанымын осылай аңғартты.

Жастарды ел мен жер, отан қадірін білуге шақырды. «Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парымыз. Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын.

Берекелі бірлігімізді сақтап, танды еңбек етсек, Отанымызды көркейтп, ұрпаққа дамыған мемлекет ретінде табытасак, бабалар аманатын адалдық деген – осы!» – деді Президент.

Жасампаз елдің болашағы – білімді, қабілетті ұрпақ. Елде креативті экономиканың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалуда. Соның ішінде, зияткерлік меншікті қорғайтын құқықтық тәсілдер де қазір қолға алынып жатыр.

«Зияткерлік меншік дегеніміз – құрал-жабдық немесе технология сияқты қадімгі мүлік. Қазір креативті индустрия орталықтары 3 ірі қалада (Астана, Алматы, Шымкент) шоғырланған, өңірлер назардан тыс қалып отыр. Бұл ахуалды түзеу қажет. Дарынды азаматтарды өзіне тартатын орындар, яғни креативті индустрия орталықтары барлық облыс орталығында болуға тиіс. Онда креативті адамдардың өз өнімді коммерцияландыруына көмек көрсетілуі керек.



Оларға қолдау көрсетуге арналған шаралардың жеке топтамасын әзірлеу қажет деп санаймын» – деді Президент.

«Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары да Мемлекет басшысының назарынан шет қалмады. Оны шағын және орта кәсіпкерлікті қолдайтын кешенді бағдарламаға айналдыру керектігін тиісті атқарушы билікке тапсырды. Бизнесті дамытып, елді гүлдендіруге үлес қосуға ниетті кез келген кәсіпкерге кедергі болмауы тиістігін айтты.

«Тағы бір маңызды мәселе бар. Қазір монополияға қарсы органның заңсыздықтарды жою үшін шұғыл шаралар қабылдайтын мүмкіндігі жоқ. Монополияға қатысты істердің шешен екісінде тергеу басталмай жатып, сотқа шағым түседі. Ал соттағы дау-дамай жылдарға созылуы мүмкін. Соның кесірінен құзырлы мекеменің жұмысы тоқтап қалады. Сондықтан Үкімет Парламентке тиісті заңнамалық түзетулер енгізуі керек...

Салық саласында заң бұзғандарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болатын шекті анықтайтын әділ механизм енгізу де назарда ұсталды.

«Құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді құдалауын біржола тоқтату керек. Мұндай әрекеттерге тыйым салынған. Бірақ, соған қарамастан, әлі де жалғасып жатқанын білемін. Осындай мәліметтер кейде әдейі таратылып жатады, тіпті, олар жалған болуы да мүмкін. Қалай десек те, бұл назардан тыс қалдыруға болмайтын мәселе. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету, саланы реттейміз деген желеумен жасалатын қысымды азайту және бәсекелестікті дамыту мәселелерін мұқият талқылау қажет. Сондықтан мен жуық арада еліміздің бизнес өкілдерімен арнайы кездесу өткіземін» – дей келе, Қазақстан тұрғындарының үштен бірін құрайтын жастарға үлкен жүк артты, сенім білдірді. Жас ұрпақ қауіпсіздігінің алдыңғы орында тұруын қатаң тапсырды.

**«Ұлттық қор –  
балаларға»**

«Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз. Мен, Мемлекет басшысы ретінде кәметке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін. Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни, барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе. Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонның ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни бұллінке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу

**Ішкі нарыққа қолдау  
қажет**

Бүгінде ішкі нарықты сырттан келетін өнімдердің жаулап алып жатқаны отандық өнімнің бағын байлап, көптеген кәсіпкерлердің тауар шығаруға деген ынтасын кемітіп тұр. Дүниежүзілік сауда ұйымының бағалауынша, біздің елдегі ішкі нарықты қорғау деңгейі төмен, яғни небәрі 128 тарифтік емес шара жүзеге асырылады екен. Президент осы

арттыруы керек. Осылайша, уақыт өте келе көлік-логистика саласындағы ірі мемлекетке айналуымыз қажет. Үкіметке сонымен қатар, жасанды интеллектті дамыту, бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, технопарк, құрастыру бюросы сияқты инновациялық инфрақұрылымдар құруға қатысты жеке бастамаларға сөз жүзінде емес, нақты іспен қолдау көрсететін пәрменді шаралар қабылдау тапсырылды.

**Стратегиялық жобалар  
қаржыландырылады**

Елімізде бақылаусыз кеткен саланың бірі қаржы құрылымдары екені шындық. Әсіресе, банктер бүгінде мүлде басқа мемлекетте өмір сүріп жатқандай әсер қалдыратыны қоғамда аз айтылмайды. Олардың нақты секторға қаржы салудан қашып, тұтыну несиеcін таратумен әуестеніп кеткен жайы бар. Бұл Үкіметті тікелей қаржыландырумен, кепілдік және субсидия берумен айналысуға мәжбүрлейді екен. Мұның бәрі көп қаражатты талап етеді әрі нарықтық экономика қағидаларына қайшы келеді. Мемлекет басшысы жолдауда бұл мәселеге айрықша тоқталды. Президенттің айтуынша, былтыр банктердің таза пайдасы бір жарым триллион теңгеге жуықтады. Ал осы жылдың бірінші жартысында оның көлемі бір триллион теңгеден асып кетті. Банктер тиімді жұмыс істегеннің арқасында емес, негізінен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұрғандықтан, осындай мол пайдаға кенелді. Үкімет пен Парламент бұл пайданы мемлекет мүддесін ескере отырып, неғұрлым әділ бөлу мүмкіндігін қарастырамын жөн. Сонымен бірге банктерді корпоративті несие беру ісіне белсене қатысуға, яғни кәсіпкерлерді қолдауға ынталандыру керек. Банктердің «қозғалыссыз жатқан» 2,3 триллион теңгелік активтерін экономикалық айналымға қосу үшін шаралар қабылдау қажет. Нақты секторға берілетін несие көлемінің жыл сайын 20 пайыз және одан да жоғары деңгейде өсуін қамтамасыз ету – маңызды міндет. Ал, Ұлттық қордағы қаражаттың белгілі бір бөлігін Қазақстанның болашағын айқындайтын стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін пайдалануға болады, тіпті, қазірген бастап соған жұмсау керек.

**Реформалардың  
жүзеге асуына  
атқарушы билік  
жауапты**

Жолдауда белгілі болған мәселенің бірі – Үкімет зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеп жүрген адамдарды әлеуметтік қолдау тетіктерін әзірлепті. Жұмысшылардың осы саланы дамытуға сіңірген еңбегі және денсаулығына зиян келгені ескеріле отырып, оларға зейнет жасына толғанға дейін, атап айтқанда, 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленеді. Президент Парламентке бұл ұсынысты жедел қабылдауды тапсырды. Жалпы, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеге көтерілмек.

Реформалардың іске асырылуына негізінен атқарушы билік жауап береді. Осы жайлы айтқан Мемлекет басшысы бүгінде үкіметтің неге пәрменді әрекет алмау себебін де ашақандай болды. Байқауымызша, бұған дейін атқарушы билік Президент Әкімшілігіне жалтақтап, еркін әрі батыл жұмыс істей алмай отырған сынайлы. Енді осы кемшілік жойылып, экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап бермек.

Мемлекет басшысы жолдауда тұтас қоғамға қатысты да ойын ірікпеді. Ол бұл орайда әділетті Қазақстанды құру үшін саяси-экономикалық реформа жасаудың жеткіліксіздігін, бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керектігіне айрықша тоқталды. Сөзін «Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде есқашан әділдік болмайды. Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды» деп тұйді. Бұл тілекті ең алдымен шенеуніктер қабыл алса, аталған көп шаруаның шешімі оңынан келері сөзсіз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

САРАП

## ЗАҢДЫҚ ФАКТІЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Ерекше іс жүргізу тәртібімен заңды маңызы бар фактілерді анықтау азаматтар үшін де, мемлекет үшін де айтарлықтай маңызға ие. Өйткені, заңдық маңызы бар фактілерді анықтаудың сот тәртібін айқындау кезінде жеңілдіктер мен мүліктік пайданы заңсыз алу мақсатында құқықты теріс пайдалануға жол берілмейді.



**Айзада НҰРҒАЛИЕВА,**  
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

Заңды маңызы бар фактілерді анықтаудың міндетті шарттарының бірі – құқық туралы даудың болмауы.

Заңды маңызы бар фактілерді анықтау туралы арыздарды қарау кезінде ол фактілердің бар екендігі тиісті құжаттармен немесе басқа да жазбаша актілермен (азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының куәліктерімен, шарттармен, біржақты мәмілелермен және т.б.) расталуы мүмкін, алайда сотта кез келген фактілер анықталмауы мүмкін, бірақ тек құқықтық салдарларды тудыратын фактілер ғана анықталуы мүмкін.

Мысалы, мұрагерлік құқығы туралы куәлік алу үшін адамға туыстық қатынас фактісін анықтау қажет. Ерекше іс жүргізу тәртібімен қарау үшін, егер өтініш беруші заң бойынша мұрагерлер шеңберіне кірмесе, мұндай өтініш қабылданбайды. Сондықтан мұрагерлік құқықтарды ресімдеу мақсатында туыстық қатынастар фактісін белгілеу туралы сот шешімінде өтініш берушінің мұраны

ресімдеуі үшін азаматтық заңнамада белгіленген кедергілердің жоқтығы туралы қорытынды жасалуы тиіс.

Сотқа түскен арыздарда нақты қандай мақсат үшін және қандай фактіні анықтау керек екені көрсетіледі.

Мәселен, тууды, бала асырап алуды, өлімді, некені бұзуды және басқаларды тіркеу фактілерін анықтау туралы істер бойынша нақты оқиғаның өзі емес, дәл осы оқиғаны азаматтық хал актілерін жазу органдарында тіркеу фактісі белгіленеді. Жоғалған акт жазбаларын белгілі бір жағдайларда мұрағаттардың жойылуына байланысты қалпына келтіру мүмкін емес. Мұндайда сотқа жүгіну үшін оның құзыретіне азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметті ұйымдастыру кіретін, аумағында тіркеу жүргізілген органның оның жоғалуына байланысты құжатты беру мүмкін еместігі туралы хабарламасы негіз болып табылады.

Ұқсас санаттағы істерді ажырату мәселелеріне назар аудару керек, өйткені іс жүзінде судьяның мәлімделген талаптың негізін дұрыс шешпеуіне байланысты қателіктер туындауы мүмкін.

Істердің кей санаты құқық белгілейтін құжаттардың тиесілілігі фактісін анықтау туралы істерден тұрады.

Көбінесе адам сотқа оның тегі, аты, әкесінің аты, жеке куәлік бойынша олардың құқық белгілейтін құжатта көрсетілгенімен сәйкес келмейтіндігіне байланысты жүгінеді. Мұндай істер бойынша өтініш берушіден құжаттың өзіне тиесілі екендігі туралы дәлелдеме талап етілуі керек, ал құжатты берген ұйымның оған өзгерістер енгізуге мүмкіндігі жоқ.

Сонымен қатар, сотқа жылжымайтын мүлікті меншік құқығында иелену, пайдалану, билік ету, шаруашылық жүргізу, жедел басқару

фактісін анықтау туралы мәселелер бойынша арыздар келіп түсіп жатады. Соттар мұндай фактіні өтініш берушіде бұрын жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың бар екендігі туралы дәлелдер болмаған кезде анықтайды.

Бұл ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы «Заңды маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысында нақтыланған.

Яғни, мұндай фактілерді сот өтініш берушіде мүліктің тиесілілігі туралы құқық белгілейтін құжат болған, бірақ ол жоғалған және көрсетілген факт соттан тыс тәртіпте белгіленбеген жағдайда ғана белгілейтіндігі көрсетілген. Бұл ретте соттар мүліктің меншік құқығын емес, өтініш берушіге тиесілілігін растайтын құжаттардың болу фактісін ғана белгілейді. Тиісінше, шешімнің қарар бөлігі нақты құжаттың болуы мен жоғалу фактісін анықтауды қамтиды. Кейіннен мұндай шешім меншік құқығын тіркеуге негіз болады.

Туыстық қатынастардың заңды фактісін анықтау, егер сотқа жүгіну азаматтық хал актілеріндегі жазбалардың дұрыс еместігінен туындамаса ғана мүмкін болады. Демек, туыстық қатынастың заңды фактісін анықтау кезінде азаматтық хал актілерінің жазбасында анық дұрыс емес жазбалар анықталса, ондай арыздар сотқа берген тәртіпте қарауға жатпайды.

Мұндай өтініштер азаматтық-процестік заңнамамен де және нормативтік қаулымен де реттелген.

Заңды факт – бұл құқықтық қатынастарды құрайтын құқықтар мен міндеттердің туындауы, өзгеруі және тоқтатылуымен байланысты мән-жайлар болып табылмайды. Осыған байланысты сот заңды маңызы бар фактілерді анықтау үшін дәлелдемелерді толық тексеру отырып, тиісті шешім қабылдайды, арыз қанағаттандырылған жағдайда шешімде анықталған факті нақты көрсетіледі.

Сот актісі тіркеу органдарында немесе басқа органдарда тиісті құжаттарды алу үшін негіз болып табылады.

ІНДЕТ



**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев есірткі жағдайын сипаттап және мемлекет пен қоғамды қылмыспен күресуге шақыра отырып келесі жағдайларды: «Қазақстанның аумағында есірткі өндірісі белең алып барады. Бұл – мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін мәселе. Есірткінің таралуына қарсы күрес үшін бүкіл уәкілетті органдардың күш-жігерін біріктіру керек. Әйтпесе, жағдайды ушықтырып аламыз. Қазақстан аумағында синтетикалық есірткі өндіретін орындарды түбегейлі жою үшін батыл шаралар қабылдау қажет. Бұл – аса маңызды міндет» – деп атап өтті.**

## ЕСІРТКІ ЕСТЕН АЙЫРАДЫ, ЕЛДЕН КЕТІРЕДІ

Мемлекеттің саясаты аясында жасалған бағдарламалар негізінде әрбір тұлға, мекеме осы іске белсене көңіл қойып, өз септігін тигізсе, нашақорлықтың алдын алуға негіз болып табылары анық. Есірткі құралдары мен психотропты заттарды тарату және өткізу түсінігін ажырату бағытында қылмыстық саясат принциптері жүзеге асырылды. Мұның аса күрделі жағдайлардың бірі екендігі көрсетіліп, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз таралуының алдын алу шараларын жетілдіру талпынысы жасалды. Есірткінің заңсыз таралуымен күресті күшейту құзыретті және наркологияның ықтимал қаупіне қызығушылық танытатын еліміздің мемлекеттік және қоғамдық салаларының жоғары мамандандырылған үйлестірілімі болған жағдайда ғана оң әсерін береді.

Есірткі ағымының негізгі мақсаты – бір мемлекет немесе бір қоғамның ұлттық санасын және қорғаныс қызметін жойып, оны отарға айналдыру. Жезөкшелік, парақорлық, құмарлық, зорлық, өзін-өзі өлтіру, жыныс ауыстыру, нашақорлық, отбасының ыдырауы секілді қоғамды құлдырататын себептер есірткі мәдениетінің негізгі элементтері болып табылады. Мемлекетіміздің халықаралық мәртебесін көтеру бізді заңбұзушылықтарды реттейтін заңнаманы одан әрі жақсартуды және дамытудың жаңа жолдарын қарастыруға міндеттейді. Бұл – нашақорлықтың негіздері мен аспектілерін ашуды қамтитын және де психотроптық заттарды, есірткі құралдарын өткізу, тарату, сонымен қатар бұл құбылыспен тәжірибелік күрес кезінде құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында қалыптасқан тұжырымдамалық тәсілдер мен жағдайларды қылмыстық құқық пен криминология шеңберінде анықтаулар мен уақытылы түзетулер жасау үшін қажет. Есірткінің түрлері көп. Арнайы есірткі заттары тізіміне енгендер – апиын, героин, кокаин, анаша (гашиш, марихуана). Қылмыстық саясатты жүргізу барысында есірткі тарату секілді мұндай құбылыстың бүгінгі таңда ең алдымен қоғамға қауіптілігін және зардабын ескеру қажет.

Сонымен қатар, нашақорлыққа шалдыққан науқастар емделуге мұқтаж және олармен күресудің қажетті екендігін ескеру керек. Есірткіні таратудың алғашқы кезеңдерінде тиімді және ғылыми негізделген қарсы әрекеттерді әзірлеуіміз тиіс. Есірткінің заңсыз айналымы қылмыстық бизнестің ең табысты көзі болғандықтан, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымымен күресті реттейтін шараларды нормативтік құқықтық актілері, сонымен қатар, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды қолдану, сақтау, тасымалдаудың актілерін мұқият криминологиялық сараптамаға жіберу қажет, ол есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты нормативтік құқықтық актілерінің қорытындысын беру қажет.

Келтірілген жағдайлар есірткіні таратуға қарсы ұйымдастырылатын мемлекет жүргізетін қылмыстық саясатта ең алдымен есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымын сипаттайтын құбылыстар ғаламшарлық масштабтағы глобалды сипатта екенін ескеру қажет. Есірткіні тарату фактілері – есірткілік бизнес нәтижесінде үлкен табыс көзіне кенелетін ұйымдастырылған қылмыстық топтың істері. Психотроптық заттар мен есірткі құралдарын заңсыз тарату үшін қылмыстық жауаптылықтар тарту құқық бұзушының қалауынсыз, тәуелсіз мемлекет тарапынан мәжбүрлі түрде жүзеге аспақ.

Есірткі бизнесі мен нашақорлықтан қорғау стратегиясы құқықтық тәртіптің, адамдардың және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының материалдық, ұйымдастырушылық – құқықтық, саясаттық тәсілдері мен құралдарын бекіту нәтижесінде есірткі құралдары мен психотроптық заттарды таратуға қоғамның берік бөгет қамалын құру қажет. Себебі, есірткімен байланысты қылмыс ұйымдастырушылық және трансұлттық болып келеді, онда қылмыстық саясат құру кезінде есірткі құралдары мен психотроптық заттарды таратудың қылмыстық ерекшеліктерін ескеру қажет. Есірткінің заңсыз таралуы үшін жаза тағайындаудың арасында есірткі таралуына жол бермеуді, сонымен қатар заңға, нормаларға, қылмыстық заңмен қорғалатын құндылықтар жүйесіне құрметпен қарауда, заңға бағынушылық атмосферасын қалыптастыру.

Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды таратумен күресті ұйымдастырудың нақты шараларын қолдануды жүзеге асыру кезінде құқықтық саясат құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің конституциялық идеяларына, заңнамалық принципін міндетті сақтауға, әділеттілік пен гуманизмге бағытталуы керек, себебі, қазіргі уақытта жүзеге асырылып отырған есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына жауаптылықты реттейтін заңнама маңызды өзгертулер мен толықтыруларды қажет етеді.

Ж.ЗАИТ,

Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

КИЕ

## ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Қазіргі заманда мемлекеттік тілді білуге, қастерлеуге деген талап күнде жоғарылап келеді. Мемлекеттік тілді қолдану мақсатында сот судьялары мен қызметкерлері тілдерді дамыту басқармасында жүйелі түрде оқып, әрі қарайда қызметте тілдің дамуы жолында білімдерін жетілдіруде. Мемлекеттік қызметкерлер ана тілінде сөйлеп, ана тілінде сауатты жаза білуге, өзге ұлт өкілдеріне үлгі-өнеге көрсетулері тиіс.

Мемлекеттік тіл – ана тілі. Қазақ тілі – халқымыздың болашағы, рухани өміріміздің бір бөлігі. Тіл тағдыры – ұлт тағдыры, отан сүйгіштіктің, ұлттық намыстың мәселесі. Конституция мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге кепілдік береді. «Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп атап көрсетілген.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мемлекеттік қызметшілерге жүктеліп отырған зор міндет. Соттардың іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіруі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңның талаптарын орындауға бағытталған жұмыстардың нақты нәтижесі.

ҚР Жоғарғы Сотының жоспарына сәйкес аудандық және оған теңестірілген соттарда мемлекеттік тілді дамыту мәселесі қатаң бақылауға алынып, алдағы уақытта құжаттардың мемлекеттік тілдегі үлесін 100 пайызға жеткізу жоспарланып жатыр.

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жоспар бойынша жасалып жатыр. Қазіргі кезде соттың шығыс құжаттары, ілеспе хаттар, ішкі қызмет құжаттары, барлық жұмыс жоспарлары, ұй-



ымдастырылатын іс-шаралар мемлекеттік тілде жүзеге асырылуда.

Соттар арасында өзара және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат-хабар алмасу қазақ тілінде жүргізілетінін Жоғарғы және облыстық сот басшылығы қатаң бақылауға алып ҚР «Тіл туралы» заңының 4-бабына сәйкес, кіріс, шығыс және ішкі құжаттарды мемлекеттік тілде тіркейді. Судьялар мен мамандардың мақалалары мемлекеттік тілде БАҚ-қа жолданады, соттар арасында өзара және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат-хабар алмасу қазақ тілінде жүргізіледі. Соттардың барлық жиын, жедел жиналыстары, семинарлық сабақтары, анықтамалары және ақпараттар қазақ тілінде жүргізіліп, барлық құжаттар мемлекеттік тілде дайындалады.

«Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» делінген, яғни бұл құқықтық норма.

Бүгінгі таңда құжаттар «Төрелік» бағдарламасына толығымен қазақ тілінде енгізіледі. ҚР «Тіл туралы» заңы, Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында белгіленген бағыт пен мақсатқа және оларды іске асыру тетіктеріне негізделген бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылуда. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу. Біздің мақсатымыз – Мәңгілік ел болу. Бұл ұлттық идея елді бір мақсат, бір мүдде, бір болашаққа біріктіріп, жаңа асуларға бастайды.

Ж.ЕСЕНОВ,

Батыс Қазақстан облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің басшысы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол басқа республикалардан келетін шетел азаматтарына қызмет көрсету үшін құрылған. Әдістемелік-консультациялық көмек көрсету үшін арнайы екі орталық жұмыс істейді. Сондай-ақ, мамандандырылған ХҚО-ның 5 секторы автосалондарда ашылды.

— **Автокөлік иелеріне қызмет көрсететін орталықтар жұмысына кеңірек тоқталсаңыз. Халық арасында, авто ХҚО-дағы делдалдар мәселесі көп айтылып жатады...**

— Алматы қаласында төрт мамандандырылған ХҚО бар. Сондай-ақ, қазіргі уақытта көлікті тіркеу, жүргізуші куәлігін ауыстыру қызметін онлайн, eGov.kz порталы арқылы және екінші деңгейлі банктердің мобильдік қосымшасы арқылы рәсімдеуге болады. Қажетті мемлекеттік қызмет туралы 1414 бірыңғай байланыс орталығы және @kenes1414 Bot Telegram-боты арқылы білуге болады. Корпорацияның әлеуметтік желілерінде де жауап беріледі.

Бүгінде автокөлік жүргізу куәлігін онлайн алуға болады. Бұл делдалдар жұмысына тосқауыл қойып, сыбайластықты жояды. Яғни, жүргізуші куәлігін алу үшін орталыққа барып, құжаттық фотоға түсу рәсімін азаматтар өзі атқарады. Сосын құжат-

қалыптастыру – 69 790 қызметтері жалпыхалықтық сұранымға ие.

— **Ал қызмет алушылардың пікірін, сұранымын, талабын қаншалықты ескерісіздер?**

— Біз үшін әр пікір бағалы. S M S



**Абдурасул КУДАШОВ,**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Алматы қалалық филиалының директоры:

## «МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТІҢ ДРАЙВЕРІ»

тың пайдалану мерзімі аяқталғанда куәлікті электронды нысанда ауыстыра беруге болады.

Жалпы, делдалдар мәселесі авто ХҚО мамандары үшін де келеңсіз құбылыс. Сақтандыру мекемелерінің атын жамылған делдалдар қызмет алушыларға жалған қызмет ұсынады. Оларға сеніп құжаты мен қаржысын берген азаматтар алданғанын кеш біледі. Сондықтан, азаматтарға ешқандай делдалға жүгінбеу керектігін үнемі айтып отырамыз. Авто ХҚО-дағы дауыс үдеткіш арқылы, қабырғалардағы тақталарға хабарлама жазу арқылы ескертіп отырамыз. Филиалдың өзіндік қауіпсіздік қызметі прокуратурамен, құқық қорғау органдарымен тығыз жұмыс істеп, делдалдардың қылмыстық әрекетінің жолын кесуге тырысуда. Айына бірнеше рет рейд жасалады. Бірақ, делдалдардан құтылу оңай болмай отыр. Біз мұндай келеңсіз құбылысқа тек азаматтардың көмегімен ғана тосқауыл қоя аламыз. Халық орталықтың таза, ашық жұмыс істейтініне сеніп, бөгде адамдардың қызметінен бас тартқанда ғана делдалдар келмесе кетеді. Еліміздің әрбір азаматы тек авто ХҚО ғимаратында құжат қабылдап отырған мамандарға ғана жүгінугі тиіс.

— **Мамандарға жүктемелер жауаптылық аз емес болар?**

— Өзіңіз байқағандай, орталық қызметіне жүгінетіндер жыл өткен сайын көбейіп барады. Соған орай, біз де қатарымызға білімді мамандарды топтастырып, олардың біліктілігін көтеруге тырысамыз. Мамандар азаматтарға екі тілде ақысыз кеңес беріп, қайда, қалай жүгінуге керек екенін түсіндіреді. Жүктеменің жоғары екеніне қарамастан, мамандар өзіне жүктелген үдеден шығып келеді.

Айталық, биылғы жылдың алты айында жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу басқармасынан, заңды тұлғаларды тіркеу басқармасынан, Жер кадастры басқармасынан жалпы саны 1 554 507 мемлекеттік қызмет көрсеттік. Көмекті қажет ететін адамдарға мемлекеттік қызмет көрсету үшін ғимараттың бірінші қабатындағы желкелеген жұмыс орындары, бөлімдер пандуспен жарактандырылған. Бұдан бөлек, мемлекеттік көмекті қажет ететін мұқтаж адамдардың үйіне барып 1 584 қызмет көрсетілді.

— **Азаматтар қандай мәселе бойынша жиі орталыққа жүгінеді?**

— Фронт-кеңселер арқылы көлікті мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу бойынша – 512 851, Ұлттық куәландыру орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу бойынша – 261 307, азаматтарды құжаттандыру – 227 178, жүргізуші куәлігін беру – 159 516, Қазақстан Республикасында уақытша тұрушыларға ЖСН

хабарламаға жауап беру арқылы 1414 нөмірінен Experience жүйесінде көрсетілетін қызметті алушылардың 94 919-ы оң пікір қалдырған. Ал қызмет алушылардың 3 591-і теріс пікір білдірген. Қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында апта сайын филиал басшылығы Мемлекеттік қызмет агенттігінің Алматы қаласы департаменті қызметкерлерімен бірлесіп, уәкілетті органдардың өкілдерін тарта отырып, азаматтарды қабылдайды және мемлекеттік қызмет сапасы мен қолжетімділігін арттыру бойынша мамандарды оқыту жүргізіледі.

— **Мобильді қосымшаға әлеуметтік қызметтердің енгізілуіне хабарымыз бар. Оған халықтың көңілі тола ма?**

— Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсетудің бірыңғай операторы ретінде уәкілетті органдармен бірлесіп технологиялық шешімдерді пайдалану және сервисінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі қазіргі заманғы үрдіс талаптарын үнемі басты назарда ұстап келеді. Оның негізгі түйіні мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруға тікелей қатысты. Қазіргі уақытта қызметтерді ұсынудың неғұрлым оңтайлы бағытының бірі – екінші деңгейлі банктердің (ЕДБ) мобильдік қосымшасы болуда. Ағымдағы жылдың жеті айында туу және күтім, жәрдемақы тағайындау бойынша 8323 қызмет көрсетілді. Оның 21,3 % ЕДБ қосымшалары арқылы орындалған.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен электрондық түрде алатын мемлекеттік қызметтер үлесін арттыру үшін ЕДБ қосымшалары ұсынылатын әлеуметтік-еңбек саласы қызметтерінің тізбесі кеңейтілді. Мәселен, мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізілген жұмыс шеңберінде «Ақпараттандыру объектілері арқылы мемлекеттік қызметтер мен сервистерді көрсету жөніндегі пилоттық жобаларды іске асыру туралы» бірлескен бұйрық бекітілді. Соның шеңберінде биылғы мамырдан бастап «Halyk Homebank» мобильді қосымшасының пайдаланушылары «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде «Жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлем тағайындау» қызметін алуға өтінім бере алатын болды.

12 мамырдан бастап Алматы қаласы бойынша жұмысынан айырылған азаматтардан төлем алуға 3925 өтінім түсті. Оның 97-сі ЕДБ қосымшасы арқылы берілді. Сонымен қатар, «Halyk Homebank» мобильді қосымшасына «Төрт және одан да көп баласы бар көп балалы отбасыларға жәрдемақы тағайындау»

сервиси іске қосылды. Бұрын мұндай қызметті тұрғындар жергілікті Халыққа қызмет көрсету орталығы, «электрондық үкімет» порталы арқылы алатын. Қазір бұл қызметті смартфонның көмегімен кәсірі және halyq, homebank мобильді қосымшалары арқылы рәсімдеуге болады. Банкке барудың, арнайы шот ашудың қажеті жоқ. «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде қажетті деректерді көрсетіп, SMS арқылы өтінім жіберу жеткілікті.

— **Мемлекеттік корпорация бірнеше саланың қызметін**

болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу» қызметіне жүгінуді көп. Бүгінгі таңда филиал басқа елдердің азаматтарына 102 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетті.

Ел Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы №148 қаулысымен бекітілген қағидаға сәйкес, қабылдаушы тарап ішкі істер органдарын өздерінде болған көшіп келушілер туралы үш жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті. Шетел азаматының келуі туралы хабарлама 3 тәсілмен жүзеге асырылады: Жұмыс мақсатында келген жағдайда шетелдік азаматтар «еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту» қызметін алуға тиіс. Рұқсатты Қазақстан Республикасы визасыз келу және болу тәртібі туралы келісім жасасқан, Қазақстанда келуі үшін ай мерзімге визасыз болу мүмкіндігі бар Әзірбайжан, Өзбекстан және Тәжікстан азаматтары алуға құқылы. Рұқсат алу үшін шетелдік азаматтың алғашқы өтініш берген кезде уақытша ЖСН, ұлттық паспорты болуы қажет.

Жұмыс істеу мақсатында көшіп келушіге рұқсатты ресімдеу үшін ЖТС бойынша алдын ала төлем төлегені туралы түбіртек, мемлекеттік шекарадан өту туралы белгісі бар паспорт, таңдалған мамандық бойынша қызметіне кедергі келтіретін аурудың жоқтығын растайтын медициналық анықтама талап етіледі. Дактилоскопиядан және суретке түсуден өткені туралы анықтама, медициналық сақтандыру және жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған еңбек шарттың болуы да маңызды.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін барлық қажетті құжаттардың электрондық көшірмесін бекіту арқылы интеграцияланған ақпараттық жүйеде өтінім қалыптастырылады. Өзбекстан азаматтары ҚР аумағында 30 күннен астам, Тәжікстан, Әзірбайжан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Армения азаматтары 90 күннен астам болған жағдайда, шетелдік азаматтар ЭҮП немесе шақырушы тараптың орналасқан жері бойынша филиалдың аудандық бөлімдері арқылы «ҚР-да уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу» қызметін алуға тиіс.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін барлық қажетті құжаттардың электрондық көшірмесін бекіту арқылы интеграцияланған ақпараттық жүйеде өтінім қалыптастырылады. Өзбекстан азаматтары ҚР аумағында 30 күннен астам, Тәжікстан, Әзірбайжан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Армения азаматтары 90 күннен астам болған жағдайда, шетелдік азаматтар ЭҮП немесе шақырушы тараптың орналасқан жері бойынша филиалдың аудандық бөлімдері арқылы «ҚР-да уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу» қызметін алуға тиіс.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін барлық қажетті құжаттардың электрондық көшірмесін бекіту арқылы интеграцияланған ақпараттық жүйеде өтінім қалыптастырылады. Өзбекстан азаматтары ҚР аумағында 30 күннен астам, Тәжікстан, Әзірбайжан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Армения азаматтары 90 күннен астам болған жағдайда, шетелдік азаматтар ЭҮП немесе шақырушы тараптың орналасқан жері бойынша филиалдың аудандық бөлімдері арқылы «ҚР-да уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу» қызметін алуға тиіс.

Делдалдар мәселесі авто ХҚО мамандары үшін де келеңсіз құбылыс. Сақтандыру мекемелерінің атын жамылған делдалдар қызмет алушыларға жалған қызмет ұсынады. Оларға сеніп құжаты мен қаржысын берген азаматтар алданғанын кеш біледі. Сондықтан, азаматтарға ешқандай делдалға жүгінбеу керектігін үнемі айтып отырамыз. Авто ХҚО-дағы дауыс үдеткіш арқылы, қабырғалардағы тақталарға хабарлама жазу арқылы ескертіп отырамыз. Филиалдың өзіндік қауіпсіздік қызметі прокуратурамен, құқық қорғау органдарымен тығыз жұмыс істеп, делдалдардың қылмыстық әрекетінің жолын кесуге тырысуда.

Шетелдік азаматтарға отбасымен бірігу мақсатында, ҚР аумағында еңбек ету үшін, қазақстандық оқу орындарында білім алу үшін, қазақстандық медициналық мекемелерде стационарлық емдеуден өту үшін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін және миссионерлік қызмет мақсатында болған жағдайда біздің елде болуға уақытша рұқсат беріледі. Филиал арқылы құжаттарды тапсырған жағдайда жоғарыда аталған барлық қызмет нәтижесін СМС сілтемесі бойынша жүктеуге болады. Халыққа қызмет көрсету жөніндегі көші-қон бөлімінде жыл басынан бері 71 321 қызмет көрсетілді.

— **Мемлекеттік корпорация халыққа қызмет көрсетуде оңтайлы әдіс, сервистерді енгізіп келеді. Одан халық хабардар ма?**

— Дұрыс айтасыз, корпорация халыққа қолайлы пилоттық жобаларды жиі тәжірибеге енгізеді. Соңғы жаңалықтар бейне ХҚО арқылы қызмет алумен байланысты. Бейне ХҚО – бұл ХҚО операторына бейнеқоңырау шалу арқылы мемлекеттік қызметті онлайн алудың жаңа тәсілі. Мұнда әрбір көрсетілетін қызметті алушы

минутқа дейін қызмет көрсету үшін), жайлылық аймағы (10-нан 20 минутқа дейін), байланыс аймағы (азаматтар мобильді қосымша арқылы қызмет ала алатын аймақ, ұялы телефондар орнатылған), қызмет көрсету үдерісіне ену аймағы, ХҚО-ның бейне көрініс арқылы қызметтерін алу кезінде құпиялылықты сақтауға арналған бейне кинолар және жеке мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған аймақ. Сондай-ақ, жаңа ХҚО-да постамааттар орнатылған, олар арқылы клиенттер дайын құжатты кез келген уақытта ала алады. Постамааттар тәулік бойы жұмыс істейді, бұл жұмысбаасты азаматтар үшін өте ыңғайлы.

2022 жылы Мемлекеттік корпорация blockchain инфрақұрылымын іске асырды. Банктермен және құрылыс компанияларымен бірлесіп Цифрлық ипотеканы іске қосты. Бұл әзірлеушілер мен сатып алушылар арасында онлайн сатып алу-сату процесін бастауға мүмкіндік берді. Осы ретте пәтер мен ипотекалық өнімді таңдаудан бастап, шарттарды тіркеуге дейінгі толық процесс цифрландырылды.

Биыл Freedom Bank-пен бірлесіп, Мемлекеттік корпорация жеке тұлғалар арасында жылжымайтын мүлікті сатып алу-сатуы рәсімдеу және онлайн-режимде тіркеу үшін платформа әзірледі. Бастапқы кезеңде пәтерді сатып алу-сату шарттары негізінде құқықтарды тіркеуді енгізу жоспарлануда. Сондай-ақ, VI Group құрылыс компаниясы жүйеге қосылды. Соған орай құрылыс салушылар мен сатып алушылар арасындағы сатып алу-сату процесі электрондық форматта жүреді. Осы жобаға қатысу үшін мәміле тараптарының өзекті электрондық сандық қолтаңбасы (ЭСҚ) болуы қажет. Тіркеуші орган мен мәміле тараптары арасындағы өзара іс-қимыл процесі жеке тұлғалардың (мәмілеге қатысушылардың) жеке басын биометриялық аутентификациялауды жүргізу жолымен бейне сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады. Шарттар жасасу электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану жолымен тек қана электрондық түрде жүргізіледі.

Ұйымдар платформасы жағында тексеру «Blockchain» технологиясын қолдана отырып, жылжымайтын мүліктің мемлекеттік мәліметтер базасы (ЖМ ММБ), жеке тұлғалардың мемлекеттік мәліметтер базасы (ЖТ ММБ), «Халықты тіркеу және құжаттандыру» тіркеу пункті (ХТҚ ТП), бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе (БНАЖ), диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі (ДНЭТ) ақпараттық жүйелерімен интеграциялау жолымен жүзеге асырылады.

— **Сұхбатыңыз үшін рақмет! Нұрбол ӘЛДІБАЕВ, «Заң газеті»**

минутқа дейін қызмет көрсету үшін), жайлылық аймағы (10-нан 20 минутқа дейін), байланыс аймағы (азаматтар мобильді қосымша арқылы қызмет ала алатын аймақ, ұялы телефондар орнатылған), қызмет көрсету үдерісіне ену аймағы, ХҚО-ның бейне көрініс арқылы қызметтерін алу кезінде құпиялылықты сақтауға арналған бейне кинолар және жеке мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған аймақ. Сондай-ақ, жаңа ХҚО-да постамааттар орнатылған, олар арқылы клиенттер дайын құжатты кез келген уақытта ала алады. Постамааттар тәулік бойы жұмыс істейді, бұл жұмысбаасты азаматтар үшін өте ыңғайлы.

2022 жылы Мемлекеттік корпорация blockchain инфрақұрылымын іске асырды. Банктермен және құрылыс компанияларымен бірлесіп Цифрлық ипотеканы іске қосты. Бұл әзірлеушілер мен сатып алушылар арасында онлайн сатып алу-сату процесін бастауға мүмкіндік берді. Осы ретте пәтер мен ипотекалық өнімді таңдаудан бастап, шарттарды тіркеуге дейінгі толық процесс цифрландырылды.

Биыл Freedom Bank-пен бірлесіп, Мемлекеттік корпорация жеке тұлғалар арасында жылжымайтын мүлікті сатып алу-сатуы рәсімдеу және онлайн-режимде тіркеу үшін платформа әзірледі. Бастапқы кезеңде пәтерді сатып алу-сату шарттары негізінде құқықтарды тіркеуді енгізу жоспарлануда. Сондай-ақ, VI Group құрылыс компаниясы жүйеге қосылды. Соған орай құрылыс салушылар мен сатып алушылар арасындағы сатып алу-сату процесі электрондық форматта жүреді. Осы жобаға қатысу үшін мәміле тараптарының өзекті электрондық сандық қолтаңбасы (ЭСҚ) болуы қажет. Тіркеуші орган мен мәміле тараптары арасындағы өзара іс-қимыл процесі жеке тұлғалардың (мәмілеге қатысушылардың) жеке басын биометриялық аутентификациялауды жүргізу жолымен бейне сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады. Шарттар жасасу электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану жолымен тек қана электрондық түрде жүргізіледі.

Ұйымдар платформасы жағында тексеру «Blockchain» технологиясын қолдана отырып, жылжымайтын мүліктің мемлекеттік мәліметтер базасы (ЖМ ММБ), жеке тұлғалардың мемлекеттік мәліметтер базасы (ЖТ ММБ), «Халықты тіркеу және құжаттандыру» тіркеу пункті (ХТҚ ТП), бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе (БНАЖ), диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі (ДНЭТ) ақпараттық жүйелерімен интеграциялау жолымен жүзеге асырылады.

— **Сұхбатыңыз үшін рақмет! Нұрбол ӘЛДІБАЕВ, «Заң газеті»**

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

САНДЫҚ ЖҮЙЕ


Мемлекеттің басты ұстанымдарының бірі – халыққа сапалы қызмет көрсетіп, мүддесін қорғау, қажетті игіліктермен қамтамасыз ету. Еліміздің сот жүйесі мемлекеттік биліктің бір тармағы болғандықтан осы ұстанымдардан алшақ болмауы тиіс. Яғни, сот жүйесіндегі кез келген реформалардың басында халықтың мүддесі тұрады.

# ЭЛЕКТОНДЫҚ СЕРВИСТЕР АШЫҚТЫҚТЫ АРТТЫРАДЫ

## ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ КҮМӘНДІ СЕЙІЛТЕДІ



Қазақстандағы ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың дамуымен азаматтар мен мемлекеттің өзара әрекеттестігін ыңғайлы, қарапайым, қолжетімді және түсінікті ету үшін электронды үкімет жасалды.



Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, куәлік, рұқсат құжаттарын тағы басқа да қызметтерді жеңілдетуге және жылдамдатуға мүмкіндік беру үшін жасалған бағдарлама осы сандық жүйе.

Қазақстанда электрондық сот төрелігін «Сот кабинеті», «Талдау» форумы, сондай-ақ Қазақстан соттарының автоматтандырылған жүйесі сияқты бірқатар инновациялық сервистері, сонымен қатар республика соттары арасындағы бейнеконференц байланыс жүйесі жүзеге асырылады.

«Сот кабинеті» сервисі 2014 жылы іске қосылды. Сервис арқылы сот органдарына түрлі электронды арыздар, шағымдар, түрлі өтініштер жіберуге болады.

Шағымдарды халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы жолдауға болады. Жоғарғы Сот халыққа қызмет көрсету орталықтарымен бірлесіп, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарын ұйымдастырды. Халыққа қызмет көрсету орталығынан азаматтар «Сот кабинеті» сервисі арқылы сотқа өз бетінше, кезек күтпестен талап арыз, шағым, өтініш-хат бере алады.

Бұл бұрышты пайдаланудың мақсатты аудиториясы электронды шағымдар мен құжаттарды тапсыру үшін интернетке қол жеткізе алмайтын адамдар. Халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүгінген кезде азаматтар электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алады. Өз кезегінде ХҚО-ның жауапты қызметкерлері мемлекеттік қызмет көрсету аясында азаматтарға «Сот кабинеті» сервисі арқылы

электронды өтініш беру кезінде консультативтік және практикалық көмек көрсетеді.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мұндай бұрыштардың ашылуы сот құжаттарын беру механизмін жеңілдетеді, тұрғындардың уақыты мен қаржысын үнемдейді, бюрократиялық кедергілерді алып тастайды, сот жүйесі қызметкерлері мен азаматтар арасындағы байланысты азайтады, сыбайлас жемқорлықты азайтуға ықпал етеді.

Талдау форумын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты ресми интернет-ресурсында да іске қосты, ол істер мен материалдар санаттарын бірыңғай жіктеу негізінде қалыптастырылады және мыналарды қамтиды:

- сот тәжірибесін жалпылау;
- істер санаттарының бірыңғай классификаторы;
- сот актілерінің банкі;
- ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары.

Бұл сервис барлық санаттағы істер бойынша сот тәжірибесіне жедел қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Оның бірден-бір шарты – «Сот кабинеті» сервисіне тіркелу, яғни кез келген адам өз дауы бойынша кеңес алу үшін адвокатқа жүгінбей-ақ, компьютерде отырып, қызығушылық санаттары бойынша шешімдерді, жалпылама мәліметтерді оқи алады.

Сот жүйесінің «Төрелік» ақпараттық-талдау жүйесі автоматтандырылған есепке алуды және процессуалдық мерзімдердің сақталуын бақылауды енгізуге, статистикалық және талдамалық есептерді жасауға, іс жүргізуді және сот ісін жүргізуді жеңілдетуге бағытталған, сонымен қатар «Сот кабинеті», дыбыс-бейне жазба, кадр жүйесі сервистерін, сот құжаттарының электрондық мұрағаты, ішкі порталы және сот процесіне қатысушыларды SMS хабарламалар мен электронды пошта арқылы хабардар ету жүйелерді, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің қажетті ақпараттық база біріктіру жүйесімен, мемлекеттік баж төлеу базасымен, сот актілерін орындау жүйелерімен қамтиды.

Жаңа электрондық сервистер сот жүйесінің қолжетімділігіне, ашықтығына бағытталған.

Осылайша, электронды үкімет – мемлекет пен азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бір-бірімен өзара әрекеттесуінің, ақпараттық технологиялардың көмегімен олардың жүйелілігін қамтамасыз ететін біртұтас механизм.

**Асель САЛИХОВА,**  
**Жәнібек аудандық соты**  
**әкімшісінің басшысы**  
**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

Сот жүйесінде қолға алынған бастамалардың, жаңа жобалардың, соны өзгерістердің негізгі мақсаты – азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз, сапалы қорғауға, қолжетімді қызмет көрсетуге бағытталған. Ал ол өз кезегінде соттың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Осы үдеден шығу жолында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 20 желтоқсандағы ҚР заңымен Азаматтық процестік кодексіне «эксаумақтық соттылық» ұғымы енгізілді.

Соттылық дегеніміз – бірінші сатыдағы соттарда қаралуға жататын істерді құзыреттілігі бойынша соттар арасында бөлу, яғни азаматтық істі қарауға тиісті нақты сотты белгілеу. Өзінің келісімінсіз ешкімге ол үшін заңда көзделген соттылық өзгертілмейді.

АПК-нің 32-бабына сәйкес тараптар өзара келісім бойынша іс үшін эксаумақтық соттылықты таңдай алады. Тараптардың мұндай таңдауы – оларға өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерту, эксаумақтық соттылықты таңдау құқығын береді. Соттың тараптардың орналасқан жерінен қашықтығы ешқандай қиындық туғызбайды, өйткені, олар бейнеконференц байланыс арқылы

онлайн режимде процеске қатыса алады.

Жалпы алғанда, эксаумақтық соттылықты қолдану – тараптардың міндеті емес, құқығы. Судья азаматтық іс қозғағаннан кейін оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарған кезде онда тараптардың эксаумақтық соттылықты қолдану мүмкіндігін түсіндіреді. Ал тараптар болса өз құқықтарын пайдалана отырып, істі аумақтан тыс соттылықты қолдану туралы өтініш-хат келтіре алады. Бұл өзгеріс өз кезегінде азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуға, артық әуреден құтылуына көмектеседі.

Сонымен қатар, тараптар арасындағы артық күмәнді сейілетіні тағы бар. Себебі, талап қоюшы Алматы қаласында, жауапкер Қызылорда қаласында орналасса, талап қою бойынша азаматтық істі Қызылорда қаласындағы соттардың бірінде қаралып, шешім жауапкер пайдасына шықты делік. Бұл жерде соттың шешімі заңды болғанның өзінде талап қоюшы күмәнмен қарауы заңдылық. Осындай келеңсіз жайттарды болдырмау үшін тараптар өзара келісіп, істі қарау үшін басқа облыстағы сотты таңдайды деген сөз. Бұл тетік өз кезегінде тиімді нәтижесін де беріп келеді.

Соттылықтың аталған түрі 2022 жылдың 1 тамызынан бастап жұмыс жасап келе жатқанын айта кеткен жөн.

**Айнұр ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,**  
**Қызылорда облысы**  
**мамандандырылған**  
**ауданаралық экономикалық**  
**сотының судьясы**

МЕДИАЦИЯ

## ОТБАСЫ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК



ҚР Ата Заңында «Біздің мемлекеттің ең басты байлығы, қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Осыған сәйкес елімізде адам және оның өмірі үшін барлық жағдайлар жасалып жатыр.

Ата Заңымызда «Балаларына қорғалып жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» – делінген. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас ең басты іс-әрекет-

тердің бірі. Ал олардың арасында түсініспеушілік жағдай туындаған кезде дау шығып, шаңырақ шайқалады. Осындай дауларды шешу үшін бұрын билердің төрелігіне жүгінген. Қазіргі таңда дауларды

реттеудің жаңа түрі «Медиация туралы» жаңа заңда жан-жақты көрсетілген. Медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде туындаған дауларда қолданылады. Отбасылық медиация бойынша жұмыстардың негізгі мақсаты – отбасында туындаған түрлі кикілжіңнің немесе түсініспеушіліктің алдын алу. Отбасындағы келіспеушіліктер, көп жағдайда өзара тіл табыса алмаудың кесірінен орын алады. Олардың көзқарастарын реттеп, ортақ шешім қабылдауға ықпал ету арқылы ең алдымен баланың мүддесін, содан кейін, отбасын сақтап қалуды ойлаған медиаторлардың еңбегін ерекше атап өту керек.

**А. ЖУВАНДЫҚОВ,**  
**Әлихан Бөкейхан**  
**ауданының сот приставы**  
**ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ**

ГЕНДЕР

## ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ АЛДЫҒЫ ОРЫНДА

Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап гендерлік теңдік мәселесіне айрықша көңіл бөлді.

Бірінші рет заңнамада гендерлік теңдік деген ұғым бекітілді, ол ер мен әйелдің жынысына қарамастан өмірдің саяси, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени салаларына белсене қатысуға нақты қол жеткізу және теңдей мүмкіндік, теңқұқықты қамтамасыз ететін құқықтық мәртебе деп танылады. Соның айғағы әйелдердің қоғамдық өмірде өз орнын табуы, саяси экономикалық жылжуы, әйелдер және олардың отбасы денсаулығының жақсаруы. Қазіргі кезде гендерлік теңсіздік мәселесі арақидік болса да кездесіп қалады. Әйел құқығы. Қазақтың байырғы әдет-ғұрыптық заңы бойынша адамның әлеуметтік ортадағы орны мен міндетін білдіретін және мүліктік меншікті иеленудегі үлесін айқындайтын құқықтық нормалар жиынтығы. Бізде әйелдер құқығын қорғайтын заң бар. Бірақ сол заңды білмегендіктен әйелдердің өздері пайдалана алмайтын кездер болады. Мемлекет басшысы партиялар туралы заңға өзгеріс енгізген тұста саяси партиялардың депутат болудан үмітті адамдары тізімінде әйелдер мен жастардың 30 пайыздық үлесі болуға тиіс екені айтылады. Әйелдер осы құқығын пайдаланып, саясатқа араласып, онымен айналысады деп ойлаймын.

**Қ.ШӘМБІЛ,**  
**Шахтинск қаласы әкімшілік құқық**  
**бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған**  
**сотының бас маманы-сот отырысындағы хатшысы**  
**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ**

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

# ТІЛДЕН АЙЫРЫЛУ - ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫҢНАН АЖЫРАУ

Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады.

«Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді бағынды. Өйткені, ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісі таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді.

Ата-бабамыз мұраға қалдырған ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілу жолын сөз еткенде, тарихты айналып өтуге болмайды. Елімізді ХХ ғасырда жетпіс жыл бойы билеген әкімшіл-әміршіл жүйенің ұстанған ұлт саясаты республикамызды мекендеген халықтың табиғи даму заңдылықтарына ықпал етіп,

туған тілінен, тарихы мен мәдениетінен айырылудың қатерлі жағдайына душар етті.

Жалпы, қазақ тілінің мемлекеттік, саяси ауқымы сонау патшалық отарлау заманы кезінен бастап-ақ төмендей бастағаны белгілі. Бұл қауіптен қазақ тілі 1917 жылғы Қазан төңкерісінің арқасында құтылғандай болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ұлт тілдеріне мемлекеттік және саяси тұрғыда жете мән беріліп, ұлт тілі мен мәдениетіне азды-көпті түсінушілікпен қарағандық байқалған.

Қазақ тілінде іс жүргізу мәселесін сөз еткенде, тағы да тарихқа тереңірек үңілуге тура келеді. Бұл мәселеде сонау 1920–1930 жылдары оңды шешіліп, бірқатар тәжірибе жинақталғаны белгілі. Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы мен Халық Комиссарлары Кеңесі сол жылдарда конституциялық нормаларға сәйкес қазақ тілінде іс жүргізудің қалыптасуы мен дамуына жәрдемдесетін бірқатар қаулылар қабылдады: Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1921 жылғы 2 ақпандағы «Қазақ және орыс тілдерін республикалық мем-

лекеттік мекемелерінде қолдану туралы» декреті, 1923 жылғы 20 қарашадағы «Қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу туралы» декреті қазақ тілінде іс жүргізудің алғашқы заңдық құжаттары болды.

Алайда, ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап халықтың тең құқықтық принциптері, КСРО-дағы ұлттардың өз мәдениеті мен тілін дамыту құқығы шектеле бастады. Ұлы Отан соғысы жылдарында да қазақ тілі мен басқа аз ұлттар тілдерінің қолданылу аясы тарылып, орыс тілінің ықпалы күшейе түсті. Бұлай болуы елдегі қалыптасқан қоғамдық-саяси, этнодемографиялық жағдайларға байланысты заңды құбылыс еді.

Тың игеру саясаты Қазақстандағы жергілікті ұлт – қазақтарды өз туған жерінде аз ұлтқа айналдырып, қазақ тілінің өрісін тарылтып, ал, тоқырау жылдарында біздің ғалымдарымыз қазақ тілінің тек ішкі құрылысын ғана зерттеді де, оның қоғамдық мәні, өмірдегі орны, ана тілінің тілдік қызметінің толық мәнді принциптері туралы сөз қозғамады. Жалпы, Кеңестік дәуірдегі зерттеулер, яғни 1989 жылы Қазақ ССР Тіл

туралы заңы қабылданған кезге дейінгі жарық көрген еңбектер ресми идеологияның шеңберінен шыға алмай, біржақты ғана жазылды.

1985 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Жазушылар одағында «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» атты тақырыпта алқалы жиын өтіп, онда көрнекті жазушы-академик Ғабит Мүсірепов тіл туралы жасаған баяндамасында тілді – ең бірінші, ұлттық ұлттық белгісі, халықтың тарихы мен тағдыры, әдебиеті мен мәдениеті, дәстүрі мен салты, әні мен күйі, жаны мен тәні, тіпті мінез-құлқы дей отырып, енді сол тілден айырылу – бәрінен айырылу екендігін, сол себепті ана тілін сақтап қана қоймай, оны одан әрі дамыту шараларын жан-жақты ойластыру қажет екендігін баса айтты.

Тіл мәселесінің мемлекеттік деңгейде талқыға түсіп, жұртшылық арасында жаппай саяси тақырыпқа айналуы республика көлемінде қазақ тілін мемлекеттік тіл деп таңуға себеп болды. Осы талаптар мен ұсыныстар нәтижесінде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің сессиясы 1989 жылғы 22 қыркүйекте Қазақ ССР-інің Тіл туралы заңын қабылдап, оның 1-бабында «Қазақ тілі Қазақ ССР-інің мемлекеттік тілі болып табылады» деп көрсетілді.

Тіл саласындағы ұлт саясатының адамгершілік-құқықтық принциптері заңды жолмен осылайша қайта жаңғырды. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтіп, күнделікті өмір дағдысына айналдыру үшін кең

көлемді, аса ауқымды істер жүзеге асырылды.

Қазақ тілінің мәртебесін жүзеге асыруға елеулі ықпал еткен фактор оның мемлекеттік мәртебесінің Қазақстан Республикасының 1993 жылғы қаңтарда қабылданған негізгі заңы – Конституциясында нақтылануы болды. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңды орындауға бағытталған басқа да маңызды заңнамалық құжаттар қабылданып, мемлекеттік тіл мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің үнемі назарында болды.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты бүгінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы, Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып келеді.

Қазіргі таңда мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатының негізгі мақсаты – жинақталған оң тәжірибені пайдалана отырып, тіл саясатын жүзеге асырудың жаңаша тетіктерін табудағы нақты іс-әрекеттерімізді белгілеп алудың тағы бір кезекті қамдымын жасау болып табылады.

**Н.БАҚТЫҒАЛИЕВ,**  
**Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

## ЖАРНАМА

### ӨРТҮРЛІ

8. «Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 110640011801, заңды мекенжайы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, құрылыс 178.

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII ҚРЗ кодексімен «Халықты жұмыспен қамту туралы» 06.04.2016 жылғы №482-V Қазақстан Республикасы заңының 2023 жылы 1 шілдеден бастап күші жойылады деп танылуы және заңды тұлғаның таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына заңды мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 178 құрылыс. Байланыс номері 8(71237)50896.

9. «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлкті сату бойынша аукциондар өткізеді.  
Өтетін орны: Астана қаласы. А.Кравцов көшесі, 6  
Өткізілетін күні: 10.09.2023 – 20.09.2023  
Анықтама телефоны: +77753712969  
Лиц. 01.21.0009Л.

10. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 19/1, «ЗБ» мекенжайында орналасқан «Нұрлы Тау» КФО тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің иелерінің бастамашыл тобы «Нұрлы Тау» КФО тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» заңының 29-бабының 4-2 тармағына сәйкес, «Управляющая компания «Офис-Менеджмент» ЖШС бекіткен жоба бойынша, байланыс операторы (интернет, телефония) «SMARTNET» ЖШС-не «Нұрлы Тау» КФО тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне байланыс қызметін ұсыну үшін «Нұрлы Тау» КФО аумағындағы техникалық үй-жайларда оптикалық кабельді жүргізуге, құрал-жабдықтарды орнатуға рұқсат беру.

Жиналыстың өтетін орны, күні және уақыты: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 17/1, к5Б, 2023 жылғы 8 қыркүйек, сағат 11:00.

12. «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы «Біржан сал атындағы музыкалық колледж, Көкшетау қаласы» МКҚК-ның Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы «Ақан сері атындағы жоғары мәдениет колледжі, Көкшетау қаласы» МКҚК-на қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуезов көшесі, 192, тел.: 8(7162) 252597.

15. «ГОЛДИ-ЛОМБАРД» ЖШС, БСН 060740014352, өзінің ерікті түрде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігіне микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға 2021 жылы 10 наурызда берілген № 01.21.0026.Л лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен жүргізілген хабарлайды.

16. Алматы қаласының Алатау аудандық сотында Подлипалин Андрей Викторовичтің 28.10.1967 жылы туған, Алматы қаласының тумасы Подлипалин Валерий Викторовичті хабарсыз кетті деп тану туралы өтініші бойынша іс қаралуда. Подлипалин Валерий Викторовичтің жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Алматы қаласы, Алатау ауданы, Шаңырақ-2 үйшік ауданы Жаңқожа батыр 26 үй, 203-кеңсе мекенжайы бойынша Алматы қаласы, Алатау аудандық сотына және Алматы қаласы, Алатау ауданы, Чурин көшесі, 64 үй, 1 пәтер мекенжайында тұратын Подлипалин Андрей Викторовичке (тел.: 87474961435) хабарлауды сұраймыз.

17. Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі орталықта тәрбиеленіп, қайтыс болған төменде тізімде көрсетілген қызмет алушылардың Махамбет селосы, «Қазпошта» байланыс торабындағы және Атырау қаласы «Еуразия» АҚ банкісіндегі жеке есепшотындағы қалдық ақшаларын алу үшін мұрагерлік іс ашуға мұрагерлерін тауып, табылмаған жағдайда мемлекеттік бюджетке аударатынын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Е.Шәкіліков көшесі, 38 үй.

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Орталыққа келген күні	Қайтыс болған күні	Бұрынғы мекенжайы
1	Хабибуллина Мадина Шафигуллиевна	08.11.1958ж	03.11.1975ж	06.12.2021ж	Батыс Қазақстан обл., Көшім ауданы, мүгедектер үйі
2	Хетбакиева Паридәм Азатқызы	20.12.1959ж	19.10.1975ж	13.09.2021ж	Алматы облысы, Талғар ауданы, мүгедектер үйі
3	Шелепанов Александр Леонидович	11.08.1952ж	10.03.1976ж	04.06.2021ж	Алматы, Сырдария, 66

### ТАРАТУ

2. «Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110740008538) 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап Ырғыз ауданы әкімдігінің 01.06.2023 жылғы №98 қаулысымен таратылатындығын хабарлайды. Барлық сұрақтар бойынша: Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, 5 үй, тел.: 8(71343)22113.

3. «Инжиниринговая компания СИГМА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220540024288, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Хиуаз Доспанова көшесі, 107 үй.

4. «BALPY LTD» ЖШС, БСН 210440021327, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 16 шағынаудан, 28 үй, 3 пәтер. Тел.: 87751685252.

5. «ARAS invest» ЖШС, БСН 140940007691, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 12 шағынаудан, 11 үй, 77 пәтер. Тел.: 87086507570.

6. «МЕДЕТ АКТАУ» ЖШС, БСН 181140021797, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 12 шағынаудан, 11 үй, 77 пәтер. Тел.: 87086507570.

7. «Раймбек и К» ЖШС, БСН 070340013827 (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жамақаев көшесі, 177 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Инженерная көшесі, 17. Тел.: 87015388558.

### Баспасөз – 2023



**Құрметті оқырман!**

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

### Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

### ✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,  
заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

11. «Алматы Тау Туризм» ЖШС (БСН 200440001608) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, ғимарат 42, блок 15/1.

13. «Birlik Partners Group» ЖШС (БИН 211040012485) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық сұрақтар, өтініштер, арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қолбасшы Қойгелді көшесі, 214 үй.

### БАНКРОТТЫҚ

14. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 15.08.2023 ж. ұйғарымымен. «Медина» медициналық орталығы» ЖШС-не, БСН 060640009550, қатысты банкроттық рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Сүйінбай көшесі, 19 үй, тел.: +77714027422.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел./WhatsApp 8 707 280 09 10.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 Фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шамкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Түнгі сағат үштен он бес минут кеткенде кезекші бөлімнің телефоны шарылдап қоя берді.

— Аудандық полиция тыңдап тұр. — Әлеу... әлеу... —Тыңдап тұрған аудандық полиция, айта беріңіз. — Өлтіріп кетті, ойбай! Тонап кетті, ойбай!

— Адрес. Адресі айтыңыз! — Абай көшесі. 264 үй! Тезірек...

Дабыл қағылды. Аудандық полиция бөлімінің түнгі құрамы аяғынан тік тұрып, аталған мекенжайға жетті. Ақпанның аязды түні тым ызарлы. Аула да, үй де көзге түртсе көргісіз қараңғы. Электр сымын сырттан қиып тастапты. Демек, қылмыс кездейсоқ емес. Ойластырылған.

Есік алдында қарайып біреу сұлап жатыр. Фонардың жарығын түсіріп қараса, карт адам. Жүзін қан жуып кеткен. Жедел уәжіл Хамит оның тамырын басып көріп, жантәсілім болғанын аңғарды.

Үйдің ойраны шыққан. Бір әйел, екі ұл бала қанға боялып жайрап жатыр. Кеудесінде жаны бар. Оларды Жедел жардем зембілге салып, ауруханаға әкетті. Қайтыс болған қарияның басына ауыр соққы тиіпті. Содан жантәсілім қылған сияқты. Мәйіт дереу сот-дәрігерлік сараптамаға жіберілді.

Криминалистер үй ішінен саусақ ізін таппады. «Қолғаппен келген» десті. Өзгеше заттай айғақ көзге түспеді. Болжам жасауға да ілік табылар емес. Жарақат алған әйел мен балалар есін жимай, әлдене білу мүмкін емес. Қайта жанекпінмен полицияға телефон шалып үлгергенін айт!

\*\*\*

Көршілерге сұрау салғанда бұл үйдегі отағасының есімі Темірхан екені белгілі болды. «Жеделдетіп үй иесінің қайда жүргенін анықта!» деп аудандық полиция бастығының жедел іздестіру жөніндегі орынбасары Ғалымжан Мәметов тапсырма берді.

Жедел іздестіру нәтижесінде үй иесі Темірхан Оразбаевтың сауданың жайымен Байқоңыр қаласында жүргені белгілі болды. Телефон соғып, «Үйіңізде төтенше жағдай боп қалды, тез келіңіз» деп хабарлады. Бір жарым, екі сағаттай уақыт өткенде жеңіл көлігімен есі шығып Темірхан да жетті.

— Айналайын-ау, не боп қалды? — деді ол үрейленіп.

— Аға, сабыр етіңіз, жағдай жақсы емес, — деп болған жайды жасырмай айтты Хамит.

— Қап, нәлеттер-ай, өзім болмағанды қарашы! Өттең-ай, өттең! — деп бармағын шайнады Темірхан.

— Өкінгенмен пайда жоқ. Іске кірісу керек! Қанишер жауыздарды құрықтау керек! Қимнен күдіктенесіз? Соны ойлаңыз! — деді Хамит.

— Ойбай-ау, інім-ау, кімнен дейсің бе? Қайдан білейін қай иттің баласы екенін. Тірі пендеге жамандық жасамап ем, — деп маңдайын ұрғылады.

Олар сол бойы ауруханаға келді. Әйелі есін жиыпты. Бірақ өз-өзіне әлі толық келе қоймаған сияқты, не айтып, не қойғанын өзі де біліп отырған жоқ.

— Олар неше адам? — деп сұрады Хамит.

— Екеу... бет-аузын таңып алған, — деді Әйел жай сөйлеп.

— Дене бітім, бойы қандай? Үстінде кигені қандай киім? — деп Хамит сұрақты үсті-үстіне қойып жатыр.

— Білмеймін, — деді Әйел басын шайқап, кемсең қақты. — Тас қараңғы еді.

Әйел көзін жұмып, бірауық ойланып жатты да:

— Біреуін жаздағы балаға ұқсаттым, — деп қалды.

— Жаздағы бала? Ол кім? — деді Хамит Темірханға қарап.

— Ойпырмай! Өткен жазда екі жігіт жұмыс істеп еді үйде. Солар болмаса?!

— Аты-жөні есіңізде ме? Қай жақтікі?

— Біреуі Қазалыдан. Екіншісі Алматы жақтан-ау. Бақытжан, Мірқасым... аттары.

— Толық аты-жөні, фамилиясы?

— Пәмилесін құдай білсін! Есте тұра ма? Үйде құрылысты жазған дәптер бар еді. Содан қарайтын...

Ертеңіне ескі дәптерден Бақытжанның ғана фамилиясы табылды. Досқалиев екен. Екіншісінің фамилиясы жазылмапты.

Хамит Қазалы аудандық ішкі істер бөлімінен хабарласып жүріп, Бақытжан Досқалиевтің мекенжайын анықтады. Алайда ол жерден Бақытжан табылмады. Қайда жүргенін ешкім айта алмайды. Хамит күдікті жігіттің өз туысқандарын

да, нағашы жағын да түгел зерттеп, білді. Әдетте қылмыскер адам осы екі жұртына барады. Қылмыскердің қайда жүргені де туысқандарына беймәлім. Ал ол болса, қос тарапқа да із тастамаған. Негізі Қазалы жақта қылмыскер адамның бой тасалайтын жері көп. Хамит сондай қуыс-қолтықты түгел тінтіп, тексерді. Бармаған жері жоқ, сонда да жігітті ұшың ұстай алар емес. Бастығы да тез тап деп асықтырып қояды. Қылмыс ашылмаса, аудандық полицияның жұмысы нашар деген сөз.

Қазалыға бір барғанда әскерде бірге болған досы Ерқанатқа соқты. Шай үстінде Ерқанат:

— Қазалыға келгіштеп кеттің, сірә жоқ іздеп жүрсің-ау! Бірақ менттер біздей пақырға құпиясын айтпайды ғой, — деп баяғы әкнәміл мінезімен қарқ-қарқ күлді. — Айт, мүмкін көмегім тиер.

кірініп қалып, әлдене дегендей болды. Не дегенін түсінбей қалды, бірақ әлдебір ғажап түйсікпен артта отырған екеудің бірі өзіне төніп кеп қалғанын сезді. Сол сәт сол қолын шалт жоғары көтеріп қалғанда алақанына жіңішке арқан іліге кетті. Арқанды тамағына жолатпай керіп тұрып, оң қолымен тапаншаны суырып алды да, қаба сақалдың қара санына бағыттап, шүріппені басып қалды. Тапанша тарс етті, қаба сақалдың баж еткен дауысы естілді. Көлік былғақтап барып, үлкен жолдан шығып кетті. Сол бойы жиырма-отыз метрдей жерге зырғып барып, жыраға соғылды. Капоты сарт етіп ашылды. Осының бәрі қасқағым сәтте болды. Анау үшеуі ес жия алмай алақтап қалғанда, Хамит мойнына түскен арқанды жұлып алып, көліктен атып шықты. Тапаншадан тарс-тарс еткізіп аспанға екі оқ атты. «Түсіндер ма-

Машина орнынан қозғалды. Хамит алдағы екеудің желкесіне тапаншасын тақап, нұқып-нұқып қойып:

— Тырп етсеңдер өлесіңдер. Сөзге келмей атам! — деді.

— Братан, кешіріші! Айтқаныңыз болады, — деді рөлдергісі.

— Сендер мені Орскіге апарасыңдар. Сосынғысын сосын көреміз, — деді Хамит күшіне мініп.

Бұдан кейін ләм-мим тіл қатыспады. Қаба сақал ғана жарақатын ауырсынып, ауық-ауық ыңыранып қояды. Көлік бірқалыпты заулап келеді. Өзінің ойынша, Бадамша мен Орскінің арасы жуз шақырымдай. Бәлкім сәл көбірек. Бір жарым, екі сағатта жетуі тиіс. Айнала мидай жазық дала. Шетіне көз жетпейді. Кең далада Сыр бойындағыдай емес, ауыл аз. Жол бойы ұшырасқандары далиып жазылмай, ат төбеліндей шо-

екі-үшеуі өтті. Төртіншісі көрінгенде екі қолын сермеп, тоқта деген белгі беріп, жолдың ортасына атып шықты. Бір жағынан сескеніп, егер жылдамдығын тежемесе, жолдан тайқып шығуға сайланып тұр. Бұл жолы анау жылдамдығын амалсыз тежеп, жол жиегіне тоқтады. Шопыр еңгезердей қазақ екен.

— Әй, не, өле алмай жүрмісің?! — деп зекіді.

— Ағатай, ала кетіңізіші, мен полиция қызметкерімін. Міне, — деп, куәлігін алып көрсетті. — Не болғанын жолда айтм.

— Жарайды, отыр! — деді шопыр. — Жалғыз екенсің. Сенейін.

Орск қаласына күн қайта жетті. Еңгезердей қазаққа ақша ұсынып еді, ол да мәрт екен, алмады.

\*\*\*

Орскінің полиция бөлімін тауып,

БАНДЫНЫ ҚУҒАН

ХАМИТ

— Шынымды айтсам, Досқалиев Бақытжан дегенді іздеп жүрмін. Білсең көмектес. Бірақ мұны жан баласы білмеуі тиіс.

— Бақытжан дейсің ба? Әрине, айтпаймын. Фамилиясы Досқалиев ә? Қай жылғы өзі?

— Сексен тоғызыншы... — О-о, ол Сағалбайдың Бақытжаны болды онда. Бізде үш-төрт Бақытжан бар. Иә оны білем. Атақты ұры ғой ол, бандит. Сен оны Қазалыдан іздеме. Ол бұнда жоқ. Ол сыртта. Аңада Астана кездесіп қалғанмын онымен. Қасында Ерғали деген жүр. Ол да Қазалының жігіті. Қазір Ақтөбенің Қарғалы ауданында тұрады дейді. Бадамша деген аудан орталығында. Бір білсе сол біледі. Соны тауып алып, қысып-қысып жіберсең айтуы мүмкін.

Ерқанат айтқан хабардың ізімен Бадамшаға да жетті. Ерғали тұратын үйді де тапты. Бірақ ол үйінде емес екен. «Ресейдің Орск қаласына кетті» деді үйіндегілер. «Неге кетті?» деген сұраққа «СТО-да жұмыс істеуге» деген жауап алды. Нақты мекенжайын, телефон нөмірін айта алмады.

«Тездету керек, жалғыз ілгек сол ғана» деп асықты. Пойыз күтсе кешігетін түрі бар. Көпшілік асханадан жүрек жалғап алды да, трассаға шықты. Қолтық астында тапанша асынған, қол семкеде екі оқсауыт оқ бар. Куәлік қалтада, жәй киіммен келеді. Сақтық керек. Егер қылмыскермен бетпе-бет кездесіп қалса, ол да тайынбас.

Жолда «АУДИ» жеңіл көлігі тоқтады. Рөлде қаба сақал, жасы отыздарға келіп қалған мығым денелі жас жігіт отыр. Бұған терезеден қарап:

— Қайда барасың? — деді сақалы жыбырлап.

— Орскіге. Ала кетші, — деді бұл.

— Отыр.

— Сендер де сонда барасыңдар ма? — деді Хамит қаба сақалдың бетіне бажайлай қарап.

— Әрі қарай кетеміз. Орскінің үстімен жүрміз.

— Жолымыз бір екен.

Артқы отырғышта екі жігіт жайғасыпты. Хамит көлікке бас сұға бере оларға да көз қиығын салып өтті. Бірі отыз-отыз бестер шамасында, екіншісі одан сәл үлкендеу жігіт ағасы. Олар бұның әр қимылын бағып қарап қалыпты. «Пошымдары жаман екен. Бекер міндім бе?» деп қауіп ойлап қойды. Енді не болса да кеш. Қайта түсіп қала алмайсың. Тес қалтасын қараған боп, қолтығындағы тапаншаның ілгішін ағытып қойды. Рөлдегі қаба сақалды көз қиығымен бағып, арттағы екеудің қимылын түйсігімен сезіп келеді.

Отырғыш арқалығын сәл шалқайтты да, соған жантайып көзін жұмды. «Бұлар маған тиіспеуі де мүмкін ғой, — деп ойлады бір уақ. — Бекерге қауіптендім бе, осы?» «Сонда да болса сақтық керек. Сақ болсаң сақтаймын деген бар емес пе! — деп ойлады тағы. Егер ойларты арам болса, алда отырған адамды қылғындырып өлтіру онша қиын емес. Алқымына тұзақ түскен жан ондайда тым қауқарсыз. Тіпті, тебіне де алмай қалады. Талай таксишіні солай өлтіріп, көлігін олжалап кеткендер болған».

Жарты сағат уақыт өтті ме екен, өтпеді ме екен, бір кезде қаба сақал жөт-



шинадан!» деп кіжіне бұйырды оларға. Арттағы екеуі қолдарын көтеріп үрке-соқтап түсіп жатыр. Қаба сақал кемсеңдеп, аяғын баса алмай тұр.

— Братан, бізден қателік кетті, — деді біреуі.

— Келісейік. Не сұрасаң да береміз, — деді екіншісі.

— Тапқан екенсіңдер саудаласатын адамды. Мен полиция қызметкерімін.

— Адам атқаның үшін жауап бересің! — деді қаба сақал. — Менің прокуратурада адамым бар. Білдің бе?

— Былшылдама! Қажет болса тағы атам! Екі аяғыңды теңестірем! Ол аз болса, үшеуіңді де ит құсатып ата салам. Не істейсіңдер маған! — деді Хамит тапаншаны кезеп. Үшеуінің үні өшт.

— Машинаны шығарыңдар! — деді Хамит сау тұрған екеуге бұйыра сөйлеп.

Олардың жастауы машинаны оталдырып, үлкен жолға айналдырып әкелді. Бір жақсысы трасаның осы тұсы тік жар емес, жайпауыт екен.

— Сен бері кел, — деді Хамит қаба сақалға, сосын ана екеуіне қарап:

— Жібіңді әкел! — деді. — Жаңа мені қылғындырмақ болған жігіт айтм.

Біреуі лып етіп, аяқ саларға түсіп қалған жігіт жеткізді.

— Аның санын тас қылып байла! Қансырап қалар, — деді қаба сақалды нұсқап. Екеуі Хамиттің айтқанын орындады да, енді не істейік дегендей бері қарады.

— Ал, енді кеттік! Екеуің алға отырасыңдар. Не қарап тұрсыңдар? Давай! Айдандар машинаны! Ал мен сақалмен бірге артта отырам, — деді.

Анау екеуі күйбеңдеп алға отырған соң:

— Ал, сен, шеш белбеуіңді! — деді қаба сақалға иек қағып:

Қаба сақал белбеуімді шешіп не істемек дегендей алақтап қалып еді, Хамит сол қолын оның шықырына салып жіберіп, белбеуді суырып алды. Оң қолындағы тапаншаны қойнына сүңгіте салды да:

— Соз бері қолыңды! — деді. Ай-шайға қараптай сақалдың екі білегін айқастырып, өз белбеуімен шындап байлады да тастады.

шайып-шошайып анайда да артта қалып жатыр. Бір сағаттай жүрген соң:

— Братан, шаптырып алайық, а? — деді рөлде отырғаны бұған жалынышты көзбен қарап.

— Мейлің, — деді Хамит.

Машинаның тоқтаған жері көпір екен. Суы төменде сарғайып ағып жатыр.

— Әй, сендер алысқа бармаңдар! — деп ескертті Хамит жүгіре түскен екеуіне. Ұзынды-қысқалы екеу жолдың жиегіне қатарласып тұра-тұра қалысты. Сонан соң екеулеп қолы байлаулы сақалдың түсіре бастап еді. Хамит көпірдің жиек темірінен ұстап, төменде ағып жатқан суға қарай берген-тұғын, машина жүксалғышының сарт-сұрт ашылған дыбысы құлағына шалынды. Жалт қарағанда кеспелтек мылтық кезеген ұзынтұраны көрді. Мылтық гүрс ете қалды. Бұл жалт берді жата қалды, жерге желкесі ғана тиіп, бір аунап түсті. Тапаншасын алып үлгерді. Етпеттеп жатқан күйі тарс-тарс екі атты. Анау болса, машинаны қалқалап алған. Бұның жатқан жері ашық. Төрт-ақ оқ қалғаны санасында. Оқтап үлгермейді. Тұра бере тағы атты. Сол күйі көпірдің қоршау темірінен атылып барып төменге бір-ақ секірді. Көпірді қалқалап тұрып оқтап алатынын түсінді. Су онша терең емес екен. Белден келеді. Жанталасып жиекке шықты. Бетон тіреуге жасырынып, тың тыңдады. «Обрезде жалғыз патроны қалды» деп ойлады. Сол кезде машинаның оталған гүрлі естілді. Жүгіріп жолға шыққанда, трасса бойымен алыстап кеткенін көрді. «Өттең-ай, қалай бұлдіріп алдың. Жүксалғышын неге қарамағаның, қап!» деп басын шайқады.

Кіімі малмандай су. Тұла бойы қалтырап, тоңып кетті. Мезгіл наурыз айының соңы, оңтүстіктегідей емес, Ресей жақтың ызғары әлі күшінде. Кімдерін тез-тез шешті де, сығып-сығып, қайта киіп алды. «Денемнің қызымен кебер» деп ойлады. Сосын жеңіл жүгіріске салып, алға ұмтылды. Артына қарап қояды. Сәлден соң алыстан жеңіл көлік ағызып келе жатқанын көрді де, қолын көтеріп, жол жиегінде күтті. Жер танабын қуырған көлік әп-сәтте жетіп келіп, тоқтамастан зу ете қалсын. Осылай

ресейлік әріптестерінен жардем сұрады. Олар орыс еместерге қатал қарайды екен, Ерғалиды көлік жөндейтін шеберханада жұмыс істеп жатқан жерінен ұстап, бөлімге сүмірейтіп алып келді.

— Бауырым, мен сенен бір нәрсе ғана сұраймын. Келісіп алайық, тек шынындай айтасың. Өтірік айтм деп ойлама. Ертең басыңа бәле болады, — деді Хамит.

— Жарайды, келістік, не сұрайсыз?

— Қазалылық Досқалиев Бақытжан кімің болады?

— Ауылдасым. Кішкентайдан бірге өстік.

— Оны соңғы рет қашан көрдің?

— Үш ай бұрын Астанада бірге болдық. Оған не болды?

— Сен тыңда! Сұрақ қойма! Менің сұрағым жауап бер. Ол қазір Астанада ма, әлде басқа жерде ма? Астанада кіммен араластыңдар, оны кім білуі мүмкін?

— Оны қазір қайда екенін білмеймін. Бірақ Астанада онымен немере болып келетін Сырлыбай деген жігіт бар. Әскери қызметкер. Қосшыда тұрады. Әдірісі есімде емес. Бақытжанды сол біледі. Жұмыс тауып бере ме деп барғанбыз оған. Жұмыс таппағасын мен кетіп қалдым. Бақытжан қалған.

— Сен оған қазір хабарлас. Телефон соқ.

— Нөмірін білмеймін. Телефонымды жоғалтқанмын. Нөмір сонда кетті.

— Ол бір қылмыс бойынша күдікке ілініп тұр. Сондықтан екеуміздің кездесуімізді тірі жан білмеу керек. Егер ол өзін полицияның іздеп жүргенін біліп қойса, сен хабарлады деп есептеймін. Онда саған қиын болады. Бүгіннен бастап сен полицияның бақылауында-сың. Егер бәрі дұрыс болса, саған да ештеңе болмайды. Сен айтты деп мен де айтпаймын.

— Жарайды, — деді Ерғали.

Хамит Ерғалидан барлық мәліметін алып, сол түні кері қайтты. Жалағашқа соғып, операцияны тікелей қабылауға алып отырған облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасарына келіп, барлық жағдайды баяндады.

— Дұрыс болған екен, яғни, оның Астанада екені анық қой? — деді департамент бастығының орынбасары, полиция полковнигі Әлібек Әлжанов.

— Досының дерегі бойынша Астанада, бірақ үш айдан бері хабарласпаған. Алайда Астанадағы немере ағасымен міндетті түрде кездесу керек. Нақты деректі содан ғана алуға болады.

Әлжанов қолындағы қаламымен үстелдің үстің тықылдатып сәл ойланып отырды да, Хамитқа қарап:

— Ерғали досына дабыл түсіріп, ол ізін жасырып үлгерсе ше? Не дегенмен бала кезінен бірге өскен досы ғой, жамандыққа қия ма?

— Жоқ, ол дабыл түсіре алмайды.

— Бұған сенімдісің бе?

— Сенімдімін.

— Олай болса Астанаға тарт, қақына адам аласың ба?

— Жоқ, қажеті жоқ, тәуекел, өзім кете беремін.

— Онда жолың болсын, Хамит, іске сәт! — деп қолын ұсынды.

\*\*\*

Хамит іс сапар құжаттарын рәсімдеп алды да, сол күні Астанаға шықты. Қосшыдан Сырлыбайдың үйін оңай тауып алды. Үйінде әйелі бар екен.

— Сізге кім керек? — деді үйден шыққан келіншек.

Тұрақ АДИСҰЛЫ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау белмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
E-mail: